БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 170 (9488) | 1954 жылғы 27 август Жұма | Шығуына 35 жыл жеке саны 20 тиын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ҚАЗАҚСТАН КП ОБКОМІНДЕ (1-бет).

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ТЫҒЫЗ ҮШТАСТЫРЫЛА ЖҮРГІЗІЛСІН: **В. Ли**—Т. С. Мальцевтің әдісін қолдану мол өнім алудың кепілі. **Б. Шәріпов.** —Егін жыйнау мен астық дайындауды сентябрьдің бірінші онкүндігінде аяқтаймыз. (1-бет).

Көсіподақтарының Бүкілодақтық Орталық Советінің Президиумында (2-бет).

КОМСОМОЛ ТҮРМЫСЫ: **Х. Рахметов.** —Комсомол ұйымының жұмысы көзіргі талаптарға сай болсын. **Ж. Тәшенов.** — Үстірт басшылықтың салдары.

М. Гречкосеев. —Қала еңбекшілерінің ауыл шаруашылығына көмегі (2-бет).

Е. Баукенов. —Егін жыйнау мен астық тапсыруды ұйымшылдықпен жүргізуіміз (3-бет).

Г. Зеневич. —Маскүнемдік —ескіліктің зыянды қалдығы (3-бет).

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАРСАҢЫНДА: **А. Жолдығарин.** — Жайбарақаттыққа салынудың салдары. **А. Сапаров.** —Жөндеу жұмысына көңіл бөлінбеген (3-бет).

ФЕЛЬЕТОН: **Т. Есілов, Ж. Асанов.** — Құлқындары үшін қызғыштай қорғайды (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

АСТЫҚ ЫСЫРАБЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС— ЕГІН ЖЫЙНАЛУДАҒЫ БАСТЫ МІНДЕТ

Біздің еліміз, біздің колхоздарымыз астық молшылығын жасағанда сабағында тұрған егін өніммен емес, қоймаға жыйналған өніммен жасайтынын ұмытуға болмайды. Мұның өзі колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың астықты, тағы басқа ауылшаруашылық дақылдарды өндірудегі істеген жұмыстарының нәтижелері тек егіннің шығымдылығы бойынша ғана бағаланбай, сонымен бірге, олардың әрбір гектардан алған нақтылы өнімі бойынша бағаланады деген сөз.

Бұл күндері облысымыздың колхоздары мен совхоздарында егінді әрі тез, әрі ысырапсыз жыйнау күресі күн сайын қызу өрістетілуде. Көптеген механизаторлар, колхозшылар ауа райының кәзіргі қолайсыздығына қарамастан егін жыйнау, бастырылған астықты тазарту, кептіру және дайындау пункттеріне, колхоз қоймаларына тасымалдау жұмыстарын ойдағыдай жүргізіп келеді.

Буран Октябрь ауданындағы Киров атындағы колхоздың колхозшылары мен осы колхозда егін жыйнап жүрген Ворошилов атындағы МТС-тің механизаторларының жұмысы дәлел бола алады. Бұл колхоздағы комбайншылар В. Лепехин, Ш. Регнер жолдастардың әрқайсысы «Сталинец-6» комбайнымен күн сайын 30-32 гектар жердің егінін жыйнап жүр. Бұлар астықтың ысырап болмауы үшін егінді неғұрлым төмен—жерден 8-10 сантиметр биіктікке ору әдісін қолданады. Сондай ақ, бастырылған дәннің шашылмауы үшін комбайндар дән тұтқыштармен, басқа да астық ысырабынан сақтандыратын тетіктермен ұқыпты жабдықталған. Осының нәтижесінде бұл агрегаттар жаздық бидайдың әрбір гектарынан 18 -20 центнерден астық бастырып жүр. Ал, колхозшылар қырманға түскен астықты тазарту, кептіру жұмыстарын ұйымшылдықпен жүргізеді. Мұнда астық тазарту жұмысы негізінен механикаландырылған. Мұның өзі еңбек өнімділігінің арттырылуына, астық ысырабын неғұрлым азайтуға жағдай туғызып отыр. Колхоз дайындау пунктіне күн сайын кемінде 30-35 машина, кейде 65-70 машина астық жөнелтіп отырады.

Облысымыздың колхоздарында еңбек өнімділігін арттырумен бірге, астық ысырабына қарсы күресті күшейте отырып, оның нақты түсімін көбейтуге жетісіп келе жатқан озат егіншілер аз емес. Бірақ, мұндай озат егіншілердің табыстары біркатар колхоздардың егін жыйнау мен астарының жұмысқа өнімсіз пайдаланылуы сондай-ақ, бастырылған астықты есепке алу, тазарту, кептіру жұмыстарының нашар ұйымдастырылуы астық ысырабына негізгі себеп болып отырғаны байқалады. Мәселен, Полудень ауданындағы Ворошилов атындағы, «Красное знамя» колхоздары, Совет ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы болмашы себептерді бетке ұстап, егін орағына кеш кіріскен. Осының салдарынан күздік қарабидай жыйналып болғанша ерте піскен сұлы, арпа дақылдары қуаң кетіп, көп дән жерге күйылып қалған.

Приешім ауданындағы «Бостандық», «Талапкер» колхоздарында ерте егілген жаздық дақылдар әлде қашан пісті. Бірақ, керісінше колхоз председательдері Әбдіқасымов, Нұрмолдин жолдастар және колхоз агрономдары пісіп жетілген егінді іріктеп оруды ұйымдастырмай, комбайн агрегаттарын әлі толық піспеген участокте рдің егінін жыйнауға қосқан. Соның салдарынан бұл колхоздардың әрқайсысында жастай жыйналған 10 -15 гектар жаздық бидайдың едәуір дәні сабағында кеткен. Ал, бастырылған дән дереу кептірілмегендіктен қырманда жатып қызып бүлінген. Қырманға түскен астықты дереу тазартып, кептіру жұмыстары осы аудандағы Аманкелді атындағы, «Большевик» колхоздарында да нашар ұйымдастырылып отыр. Тіпті «Большевик» колхозының председателі Гунченко жолдас қырмандағы астыққа күзетші қоюды да қажет деп таппаған. Комбайн бункерінен астық алатын арбалардың жәшіктері бүтінделмеген. Міне, мұндай салақтықтардың салдарынан астық ысырабы төзгісіз көп болып отырса да, колхоз басшылары кездесіп отырған кемшіліктерді жоюдың шараларын қарастырмай-ақ келеді.

Сол сыяқты, Булаев ауданындағы көптеген колхоздарда комбайндардан қырманға әкелінген астық өлшенбестен қабылданады. Астықты тазарту, кептіру жұмыстары мейлінше баяу жүргізіледі. Жабық қырмандардың жоқтығынан және жеткіліксіздігінен астықты ашық далаға төгу фактілері жиі кездесіп келеді. Әсресе, жабық қырмандар, астық кептіргіштер толық әзірленбеген. Мамлют ауданындағы «Зерновая фабрика», Октябрь ауданындағы «Пламя», Преснов ауданындағы «Красное знамя» колхоздарында жабық қырмандардың жеткіліксіздігінен және механикаландырылмауынан мемлекетке астық тапсыру жұмысы төзгісіз баяу жүргізілуде. Бұл колхоздардың қырманту қылмыс болып табылады. Өйткені, астық ысырабына жол беру —мемлекетке және колхозға үлкен зиян келтіру, колхозшылардың еңбеккүндеріне алатын астығын кеміту деген сөз. Олай болса, астық ысырабына жол берушілікке төзімдік жасауға тіпті де болмайды. Астық ысырабына қарсы күрес —партия, совет ұйымдарының, колхоз, МТС басшылары мен мамандарының және барлық ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің кәзіргі ең басты міндеті.

Астық ысырабын болдырмау үшін еңалдымен комбайн агрегаттарын егін жыйнауға тиімді пайдалану қажет. Өйткені, комбайн агрегаттарының өнімді жұмыс істеуіне жетісу егінді тез жыйнап алуды қамтамасыз етеді. Комбайндардың салтқысыз жұмыс істеуіне жетісумен бірге, оларды астық ысырабынан сақтандыратын тетіктермен барынша жабдықтау қажет. Комбайн бункерінен астық қабылдау жұмысы дұрыс жолға қойылуға тиіс, астықты бункерден машинаға не арбаға тиегенде, оны қырманға әкеле жатқанда төгін- шашпаудың шараларын қарастыру керек. Қырманға әкелінген астықты өлшемей қабылдауға болмайды.

Астықты ысырапсыз жыйнау міндеті қырмандардағы жұмыстарды ойдағыдай ұйымдастыруды, астық тазарту және оны кептіру ісін негізінен механикаландыруды талап етеді. Өйткені, кезінде тазартылып, кептірілмей қырманда көп жатып қалған астық ысырапқа ұшырайды, сапасы кемиді, сонымен бірге, мемлекетке міндетті түрде астық тапсыру жоспарының тез орындалуына нұқсан келтіреді. Сондықтан қырмандағы астықты тазартуды, кептіруді және тезбе- тез дайындау пункттеріне, колхоз қоймаларына жөнелтіп отыруды дұрыс ұйымдастыру, бұл жұмыстарды барынша механикаландыруға жетісу —МТС, колхоз басшылары мен ауыл шаруашылығы мамандарының басты міндеті болып табылады.

Кәзіргі жағдайда, әсресе, жауын- шашынның өте жиі болып отырған жағдайында, әрбір колхозда жақсы жабдықталған жабық қырмандар жеткілікті болуының маңызы ерекше зор. Мұнысыз астықты бүлінуден аман сақтауға болмайтыны мәлім. Сондықтан осы уақытқа дейін жөнделіп және жанадан салынып бітпеген жабық қырмандарды тез жөндеу шұғыл қолға алынуы керек.

Ауыл шаруашылығының еңбекшілері, бітік өсірілген егінді тез және ысырапсыз жыйнау ісіне барлық күшті жұмыл-

Ауылшаруашылық жұмыстары тығыз үштастырыла жүргізілсін

☆ ☆ ☆

ЕГІН ЖЫЙНАУ МЕН АСТЫҚ ДАЙЫНДАУДЫ СЕНТЯБРЬДІҢ БІРІНШІ ОНКҮНДІГІНДЕ АЯҚТАЙМЫЗ

Егін жыйнау мен астық дайындау колхоз шаруашылығындағы ең маңызды жұмыстар болып табылады. Өйткені, колхозшылар мен МТС механизаторларының ауылшаруашылық өндірісінің негізі — астық шаруашылығын барынша өркендету жолындағы жанаямай еткен еңбектерінің нәтижелері егін жыйнау мен астық дайындау кезінде қорытылады. Міне, сондықтан да біздің колхоздың колхозшылары бұл жұмыстарға алдын-ала үлгілі әзірлікпен келіп, бұл күндері егінді ысырапсыз, тез жыйнау және астықты неғұрлым көп дайындау күресін күн сайын өрістете жүргізуде.

Колхоз даласында Чистян МТС-нің үш «Сталинец—6», бір өздігінен жүретін «С—4» комбайны егін жыйнайды. Бұл комбайн агрегаттарының механизаторлары өзара социалистік жарысты өрістете отырып, күндік тапсырмаларын үнемі асыра орындауда. Жарыста, әсресе, комбайншы Евсеев жолдас үздік алда келеді. Ол «Сталинец-6» комбайнымен күн сайын 25 гектар, кейде одан да көп егін жыйнап жүр. Сол сыяқты, Сарфисон жолдас «Сталинец-6» комбайнымен күніне 20-22 гектар жердің егінін жыйнап, Евсеевтен қалыспай келеді. Комбайншылардың машина қуатын жұмысқа өнімді пайдалана білуінің нәтижесінде колхозда күн сайын 75—80 гектар, ал, кей күндері 90 гектар егін жыйналып, мыңдаған пут астық бастырылады.

Комбайндардан астық қабылдауға арнаулы жүк автомашиналары бөлінген. Ол машиналардың шоферлары өзіне міндеттелген жұмысқа жауаптылықпен қарап, комбайн агрегаттарының тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етіп келеді.

Колхозшылар қырмандағы астықты тазарту, кептіру және дайындау пункттеріне жөнелту жұмыстарын ұйымшылдықпен жүргізуде. Бұл жөнінде, әсресе, №2 егіс бригадасындағы колхозшылардың еңбегі ерекше. Мұнда бір «ВИМ» машинасымен және астық тазартуға икемделіп қайта жабдықталған бір комбаймен күн сайын 1000 центнер астық тазартылады. Бұл машиналармен жұмыс істейтін кол-

Облыс аудандарында, МТС-тері мен совхоздарында ауылшаруашылық жұмыстарының барысы туралы

20 августағы мәлімет)
(жоспардың орындалу проценті)

Аудандар	Мемлекетке астық тапсыру	Жыйналған дәнді дақылдар	Сүрленген шөп	Зәбі жыйту	Күздік егу
Петропавл	25,4	32,1	18,9	12,2	46,8
Совет	12,9	14,6	22,1	14,7	3,6
Приешім	12,3	20,8	21,2	16,2	21,7
Октябрь	11,6	21,4	43,1	21,2	57,4
Конюхов	10,9	20,0	80,9	12,6	15,6
Соколов	10,8	17,2	41,3	6,9	46,6
Преснов	10,7	22,0	38,5	20,1	47,5
Мамлют	9,0	12,3	24,4	8,5	8,4
Полудень	8,6	11,7	39,3	10,6	47,2
Ленин	8,3	21,7	41,5	13,5	17,6
Булаев	7,8	17,3	89,2	13,7	0,1

МТС-аттары	Жыйналған дәнді дақылдар	Сүрленген шөп	Зәбі жыйту	Күздік егу
Петропавл	33,8	12,4	12,1	49,4
Асанов	29,6	28,5	12,3	43,0
Образцовый	29,4	15,5	22,5	11,8
Майбалық	26,8	25,3	15,3	11,5
Ильич	26,7	52,1	14,3	24,6
Преснов	24,8	43,8	21,1	56,0
Торанғыл	23,7	42,5	21,4	76,4
Чистян	23,7	75,8	12,2	4,2
Ворошилов	23,0	24,5	25,1	54,4
Приешім	23,0	21,2	14,5	34,0
Коновалов	21,3	39,6	20,4	35,3
Тимирязев	21,0	11,2	13,1	40,1
Баян	18,5	38,2	25,3	43,5
Ленин	18,4	16,0	19,2	1,2
Соколов	17,7	45,1	5,7	43,9
Совет	17,5	28,7	20,1	20,1
Куйбышев	17,5	58,4	10,9	26,8
Калинин	17,4	83,1	11,8	—
Булаев	17,2	93,5	15,1	1,8
Семиполка	17,0	72,0	17,5	69,0
Суворов	16,2	86,0	13,0	28,2
Налобин	16,2	43,9	8,5	50,5
Пушкин	16,1	47,1	7,8	20,2

тық дайындау жұмыстарын өте баяу жүргізіп, астық ысырабына жол беріп отырғанын бүркемелей алмайды.

Колхоздар мен МТС- тердегі ауыл-село тілшілерінен редакцияға түскен хаттарға қарағанда, колхоздарда егін жыйнаудың кеш басталуы, комбайн агрегаттарында кезінде тазартылмаған жүздеген центнер астық жауын- шашынға тиіп бүлінуде.

Бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің негізі —астықты, әсресе негүрлым бағалы азық-түліктік дақыл —жаздық бидайды жыйнауда оны ысырапқа ұшырайық, сөйтіп, мемлекет алдындағы бірінші парыз —астық тапсыру жоспарын аброймен орындайық, келесі жылдың егістері үшін жақсы сортты тұқымды және басқа да қорларды мол құйып, колхозшылардың әрбір еңбеккүніне астықты мейлінше көп беруді қамтамасыз етейік!

Қазақстан КП облыстық комитетінде

Приешім ауданының колхоздарында егін жыйнау мен астық дайындаудың қанағаттанғысыз жүргізілуі туралы

Облыстық партия комитетінің бюросы Приешім ауданының колхоздарында егін жыйнау мен астық дайындаудың барысы туралы мәселе қарап, Приешім аудандық партия комитеті мен аудандық Совет аткомі, аудандық партия комитетінің бірінші секретары Соболь және аудандық Совет аткомінің председателі Сәрсенбаев жолдастардың егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарына қанағаттанғысыз басшылық жасап отырғанын, колхоздарда, МТС-терде бұл жұмыстардың қызу қарқынмен жүргізілуіне жаңдай тұтызбай, сонымен бірге колхозшыларды, МТС пен совхоз жұмысшыларын егін жыйнау мен астық дайындауды ең қысқа мерзімде өткізу ісіне жұмылдыра алмағанын атап көрсетті. Осының салдарынан 25 августқа дейін ауданда егін жыйнау жоспары 20,8 процент, мемлекетке астық тапсыру жоспары 12,3 процент ғана орындады. Ауданда істі ұйымдастырудың нашарлығынан мемлекетке астық тапсырудың бескүнгі тапсырмалары үнемі орындалмай келеді.

Ауданда партия комитетінің секретары Соболь және аудандық Совет аткомінің председателі Сәрсенбаев жолдастардың жекелеген колхоз председательдерінің қырмандарда еңбекті нашар ұйымдастырып, астықтың үйілін қалуына жол беруінен егін оруды кешеуілдетіп отырған зыянды, теріс пікірлеріне кезінде тойтарыс бере алмады және оны байқамады.

Колхоз және МТС басшыларының іске басшылық етуді нашарлатып алуының себебінен көптеген колхоздарда комбайндар жұмысқа нашар пайдаланылады. Комбайндардың техникалық жарамсыздығынан және ұйымдастыру жұмысының қанағаттанғысыздығынан олар уақыттың көбін босқа тұрумен өткізеді. III Интернационал атындағы колхозда комбайн бункерлінен астықтың уақытылы алынбауы себебінен комбайн агрегаттары күн сайын 3-4 сағат босқа қарап тұрады.

Аудандық партия комитеті мен аудандық Совет аткомі қырмандарда жұмыстың уақыпты жүргізілуін қамтамасыз етпеді. Көптеген колхоздардың қырмандарында жұмыс екі сменада ұйымдастырылмаған, мұның өзі қырмандарда астықтың көптеп үйілін қалуына, өктеп кетуіне және бүлінуіне әкеліп соққан. III Интернационал атындағы, Каганович атындағы, Куйбышев атындағы және басқа көптеген колхозларда астықтың қырманда жатып көктеп, бүлінуіне жол берілген. Астықтың бүлінуі фактілерінің болып отырғанына қарамастан аудандық партия комитеті мен аудандық Совет аткомі бұл іске саясі мән бермей және астықтың бүлінуіне кінәлі адамдарды қатаң жауапқа тартпай отыр.

Көптеген колхоздарда осы уақытқа дейін жабық қырмандардың құрылысы аяқталмаған, астық кептіру жұмысы ұйымдастырылмаған, бірқатар колхоздарда астық кептіргіш жоқ және олардың құрылысын тез аяқтаудың шаралары қарастырылмаған.

Аудандық партия комитеті мен аудандық Совет аткомі пункттерге астық тасыйтын автотранспорттың жұмысына бақылау жасауды ұйымдастырмаған. Осының салдарынан Приешім МТС-де мемлекетке астық тапсыру жұмысына бөлінген жүк автомашиналары колхоз қырмандарында астықтың үйілін жатқанына қарамастан басқа жұмыстарға —ағаш, кірпіш тасуға пайдаланылуда.

МТС директоры Нечипоренко жолдас трактор бригадаларының жұмысына нашар басшылық жасайды, колхоздардағы жұмыстың барысын жете білмейді, жүк автомашиналарының орынсыз пайдаланылуына жол береді, МТС мамандарының егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарын сапалы жүргізуге басшылық жасаудағы ролі мен жауапкершілігін арттырмады. Осының салдарынан көп мамандар егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарынан тысқары қалып келеді.

Аудандық партия комитеті мен аудандық Совет аткомі аудандық партия комитеті мүшелерінің және басқа басшы қызметкерлердің колхоздардағы егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарына жаңды басшылық жасауға жауапкершілігін арттырмаған, олар колхоздарда болғанда егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсырудың барысына ешқандай ықпал жүргізбеген.

Егін жыйнау мен астық дайындауға қанағаттанғысыз басшылық жасағаны, мемлекетке астық тапсыру жөніндегі бескүндік тапсырманы орындамағаны, комбайндарды, автомашиналарды нашар пайдаланғаны үшін облыстық партия комитетінің бюросы аудандық партия комитетінің секретары Соболь және аудандық Совет аткомінің председателі Сәрсенбаев жолдастарға қатаң жаза қолданып, оларды егін жыйнау мен астық дайындаудағы елеулі кемшіліктерді дереу жоюға, комбайндар мен автомашиналарды және егін жыйнайтын басқа да машиналарды өнімді пайдаланудың шараларын белгілеуге, әрбір колхоз бен совхозда егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсырудың тағайындалған мерзімде орындалуын қамтамасыз етуге міндеттеді.

Үстіміздегі жылы егін жыйнаудың, әсресе астық дайындау көлемінің ұлғаюына байланысты аудандық партия комитеті мен аудандық Совет аткомінің, МТС, совхоз директорларының және колхоз председательдерінің назары партия, совет және дайындау орындарынан зор ұйымдастыру жұмыстары, колхоздарға, МТС -тер мен совхоздарға ұқыпты, шебер басшылық жасауды, барлық колхозшылардың, МТС пен совхоз жұмысшыларының белсенді еңбек етуін, сол сыяқты, қолда бар техниканы өнімді пайдалануын талап ететіндігіне назар аударылсын. Әрбір колхоз бен совхозда егін жыйнаумен мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын ауа райының қандай жағдайында болса да жүргізілетіндей етіп ұйымдастыру керек.

Аудандық партия комитетіне, аудандық Совет аткомінде МТС-тердің директорларына және колхоздардың председательдеріне қырмандағы жұмыстарды екі смена ұйымдастыруға, барлық астық тазартқыш машиналарды өнімді пайдалану, жабайы астық кептіргішті жеткілікті мөлшерде қосымша жасауды, астықтың бүлінуіне жол бермеуді ұйымдастыруды міндеттеді.

Облыстық партия комитетінің бюросы Приешім МТС-нің директоры Нечипоренко жолдасқа оның бригадаларға қанағаттанғысыз басшылық жасағандығын комбайн агрегаттарының және автомашиналар қуатының дұрыс пайдаланбайтыны көрсетіліп, сондай-ақ III Интернационал атындағы колхоздың председателі Ворошилов жолдас астықтың бүлінуіне жол бергені үшін қатаң жауапқа тартылды.

Облыстық партия комитетінің бюросы аудандық партия комитеті мен аудандық Совет аткомінен егін жыйнау мен астық дайындауға басшылықты жақсартуды, тәртіп бұзушылықты, ұйымсыздық фактілерін үзілді- кесілді жоюды, барлық қызметкерлердің тапсырылған іске жауапкершілігін арттыруды, колхозшылардың МТС және совхоз жұмысшылары мен қызметкерлері арасында социалистік жарысты кеңінен әріштетуді, оларды СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қарарларын бұлжытпай орындауға жұмылдыруды талап етті.

Т. С. Мальцевтің әдісін қолдану —мол өнім алудың кепілі

Үстіміздегі жылы социалистік егіншілік агротехникалық ғылымға енгізілген жаңа бір ғылми табыспен байыды. Курган облысы, Шадринск ауданындағы «Заветы Ленина» колхозының егіншісі, жаңашылдым Т.С. Мальцев топырақты өңдеудің жаңа әдістерін жасады. Т.С. Мальцев ұсынған әдістер топырақты өңдеуге осы уақытқа дейін қолданылып келген әдістерден мүлдем өзгеше. Мальцев әдістерінің ауыл шаруашылығын онан әрі өркендете беруде және ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыра беруде практикалық және теориялық маңызы өте зор.

Т.С. Мальцевтің әдістерін талқылау жөніндегі жиындағы ғалымдар мен ауыл шаруашылығы практиктерінің «Заветы Ленина» колхозында шақырылған Бүкілодақтық кеңесі топырақты өңдеудің жаңа әдістерін еліміздің барлық аймақтарында ғы колхоздар мен совхоздарда астық өндіруге қолдануға болады деп тапты.

Т.С. Мальцев шөптанапты егіншілік системасының негізгі ережелерін, біржылдық, көпжылдық шөптердің биологиялық және олардың тамыр қалдықтарының шіру ерекшеліктерін терең зерттей отырып, қолайлы жағдай жасалғанда, біржылдық өсімдіктердің өздері де топырақты органикалық заттармен (шіріндімен) байытып, топырақтың құнарлылығын арттырағынын анықтады. Сөйтіп, көп жылдар бойына зерттеудің және практикалық жұмыстардың нәтижесіне сүйене отырып, ол жерді тереңдігін 40-50 сантиметр және одан да артық жырту қолайлы болады, топырақты бұлай өңдегендегі негізгі шарт жерді қосымша түренсіз, қайырмасыз, қыртысын аударып, төменгі қабатты үстіне шығармай жырту болып табылады деген қорытындыға келді. Сонымен бірге жерді 40-50 сантиметр және одан да тереңірек жырту 3-4 жылда бір рет жүргізілуін, ал қалған жылдарда аңызды сыдыра жыртуды және лущильникпен өңдеуді ұсынды.

Жерді бұл әдіс бойынша өңдегенде топырақ өзінің қасиетін өзгертеді. Ауа, ылғал және басқа қоректік заттардың топырақтың негүрлым қалың қабатына мол сіңірілуіне жағдай жасалады. Сөйтіп, топырақтың құнарлылығы арттырылады.

Мальцевтің жаңа әдістері топырақты сәбу алдында өңдеу жұмыстарына ерекше назар аударған. Бұл әдіс бойынша күзде дискелі лущильникпен аңызды 7-8 сантиметр және одан да терең сыдыра жыртуға керек. Ерте көктемде жер тырмаланып, ылғал жабылады, ал, арамшөптер өскеннен кейін олар дискелі лущильниктермен қиртылады. Тұқымдық дән жер қыртысының қатты қабатына дейін сіңірілін, оның беті құнарлы топырақпен жұқа жабылуға тиіс.

Топырақты өңдеудің Т. С. Мальцев ұсынған жаңа әдістерін біздің облыс колхоздарында қолдану тәжрибесі ойдағыдай нәтиже берді, әсресе, тың және тыңайған жерлерді игеруде бұл әдістің маңызы ерекше зор екені байқалды. Быйыл Мамлют ауданындағы Каганович атындағы, Жданов атындағы, Чкалов атындағы, тағы басқа колхоздарда 600 гектардан астам сыдыра жыртылған аңызға тұқым себілді. Кәзір бұл участоктердің өнімі терең жыртылған зяйыс егілген егіннің өнімінен анағұрлым жоғары болып отыр. Бұл ауданның колхоздарында келесі жылдың егісіне арнап жер жыртуда Шадрин жаңашылы ұсынған терең жырту әдісі бұрынғыдан анағұрлым көлемді жерлерде жүзеге асырылады. Механизаторлар быйыл Мальцевтің әдісі бойынша 400 гектар пар жыртты.

Сол сияқты, Асанов МТС-нің бас агрономы Степанов жолдас көктемде біркатар колхоздарда сыдыра жыртылған аңызға және дискелі лущильникпен өңделген тыңайған жерлерге тұқым себуді ұйымдастырды. Бұл участоктерден колхоз кәзір мол өнім жыйнап отыр.

Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінің (Полудень ауданы) огородшылары топырағы Мальцев жолдастың системасы бойынша өңдеген жерлерге егілген картоптың әрбір гектарынан 230 центнерден, сәбіздің әрбір гектарынан 450 центнерден өнім жыйнады. Димитров атын дағы колхоздың (Петропавл ауданы) тәжрибесіне Ким Ен-дюн қыртысы аударылмай терең жыртылған жерге егілген чумизданы, жүгеріден бірнеше жыл бойы мол өнім алып келеді.

Агрономиялық ғылымның жаңа табыстарын облысымыздың барлық колхоздарында өндіріске кеңінен қолдануды ұйымдастыру және бұл іске басшылық ету— агрономдардың абройлы борышы. Бұл елімізде астық молшылығын жасау жолындағы күрестегі жаңа табыстарға жете берушімізге көмектеседі.

В. ЛИ,
облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы, ауыл шаруашылығы насихат басқармасының бастығы.

хозшылар Исаев, Өміренов, Әубаев, Көшеталдинов жолдастар еңбек өнімділігін арттырудың тамаша үлгісін көрсетіп жүр. Қырманда тазартылған астық дереу кептіріліп, дайындау пунктіне жөнелтіледі.

Колхозшылардың және МТС механизаторларының осындай өнімді еңбек етуінің нәтижесінде біз мемлекетке міндетті түрде астық тапсыру жоспарының 35 процентін орындадық. Бұл жөніндегі бескүндік тапсырмалар үнемі толық орындалуда. Егіншілеріміз өздерінің күш-мүмкіншіліктерін есептей отырып, мемлекетке астық тапсыру жөніндегі белгіленген жоспарды 5 сентябрьге дейін толық орындап шығуды уйғарды. Біз бұл мақсатымызды сөзсіз орындаймыз да.

Егін жыйнаудың алғашқы күндерінен бастап күндік тапсырмаларын үнемі асыра орындай отырып, комбайншылар 25 августқа дейін 700 гектардан астам егін жыйнады. Олар еңбек өнімділігін арттырудағы өздерінің іс тәжрибелеріне қорытынды жасай отырып сабақта тұрған дәнді дақылдарды ең әрі кеткенде 8 сентябрьге дейін толық жыйнап алуды көзден отыр. Бұл мақсатты орындау үшін олар өз істеріне озаттардың тәжрибелерін кеңінен қолдана отырып, еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттырып келеді.

Б. ШӘРІПОВ,
Конюхов ауданы, «Жаңа тұрмыс» колхозының председателі.

ҚЫЗУ ҚАРҚЫН

Быйыл бітік шыққан егінді ысырапсыз жыйнап алу үшін Булаев ауданы, Совет совхозының механизаторлары бар мүмкіншілікті толық пайдаланып келеді. Олар қолда бар күшті есептей отырып, егін жыйнау науқанын 20 жұмыс күні ішінде аяқтап шығуға міндеттенді. Совхоз қарамағындағы комбайндар ұқыпты жөнделіп, түгелдей іске қосылды. Кәзір совхоздың егіс даласында 50 «Сталинец-6» комбайны және 10 өздігінен жүретін комбайндар жұмыс істейді.

Ауа райының жайсыздығына қарамастан совхоз комбайншылары машинаны өнімді пайдалануда. Үшінші бөлімшенің комбайншысы Гайваронский, Шиллер жолдастар «Сталинец-6» қос комбайнымен күніне 45-50 гектар жердің егінін орып, 300-400 центнерден астық бастырып жүр. Совхоз бойынша күн сайын 1000-1100 гектар жердің астығы жыйналады.

Совхозда 4 механикаландырылған қырман бар. Мұнда астық тазалау, автомашиналарға астық тиеу жұмыстары электр қуатымен жүргізіледі. Совхоздың барлық бөлімшелерінде де екі- екіден астық тиегіштер жұмыс істейді. Механикаландырылған астық тиегіштермен үш тонналық жүк машиналарын тиеуге небары 10 минут қана уақыт кетеді.

Жұмыстың барлық салаларын механикаландыруы және олардың қуатын өнімді пайдалана білуі арқылы совхоз мемлекетке астық тапсыру графигін де бұлжытпай орындап келеді.

Б. ЖАҚЫПОВ.

Шағлы	13,8	13,1	10,9	
Николаев	13,3	40,0	16,5	2,1
Интернационал	13,1	17,0	10,6	2,4
Вильямс	12,2	35,4	4,1	21,1
Чапаев	11,9	22,3	10,8	—
Полудень	11,8	29,7	9,9	35,5
Ново-Георгиев	11,6	55,2	11,7	68,5
Сартомар	11,0	32,8	11,6	—
Совхоздар бойынша	21,9	39,0	21,0	

КОМСОМОЛ ТҰРМЫСЫ

Комсомолцтер мен жастардың игілі бастамасы

Бұл күндері бүкіл еліміздегі сыяқты Украин астық совхозының (Преснов ауданы) комсомолцтері мен жастары да СОКП Орталық Комитеті февраль-март және июнь Пленумдарының қаулылары алға қойған міндеттерді аброймен жүзеге асыру жолында есілеген қарқынмен еңбек етуде.

Бұл совхозға партияның шақыруымен тың және тыңайған жерлерді игеруге келген патриоттардың жартысына жуығы комсомолцтер мен жастар. Кәзір совхоз комсомол ұйымының есебінде 130 комсомолец бар.

Көктемгі егіс басталғаннан бері комсомол комитеті механизаторлар мен құрылысшылар үшін әр тақырыпта бірнеше баяндамалар жасап, лекциялар оқыды. Онда партия мен үкіметіміздің тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен астық өндірісінің молшылығын жасау жолындағы міндеттер туралы және еліміздің, облысымыздың жаңа ұйымдастырылған астық совхозындағы патриоттардың қажырлы еңбектері мен үлгілі бастамалары айтылды.

Совхозда бар 4 комсомол -жастар трактор бригадасында үгітшілер мен қабырға газеттерінің редакторлары тағайындалған. Бригадалар және механизаторлар арасында өзара социалистік жарыс шарты жасалған. Жарыс қорытындысы бес күн сайын шығарылып, көрсеткіш тақталарға жазылады. Үгітшілер үнемі әңгіме өткізіп, озат механизаторлардың іс тәжрибелерін кеңінен насихаттап отырады. Осының нәтижесінде механизаторлардың еңбек өнімділігі де арта түсуде. Мысалға, № 2 комсомол- жастар трактор бригадасын алуға болады. Бригада механизаторлары социалистік жарыста бірінші орынға не болып отыр.

Жуырда совхоз комсомол комитетінің жыйналысы өткізілді. Совхоз комсомолцтері мен жастары Қостанай облысы, Дзержинский атындағы астық совхозының комсомолцтері мен жастарының совхоз орталығын көркейту жөніндегі үндеуін зор қуанышпен қарсы алып, көтеріңкі міндеттемелер алды. Олар өздерінің күшімен асхана, байланыс үйін, бір жатақхана салуды ұйғарды. Бұл жұмысқа арнаулы бригадалар құрылып, қажетті құрал-саймандармен қамтамасыз етілген.

Совхозда құрылыс жұмыстары да күннен-күнге кең өріс алуда. Құрылысшылар бригадалары өзара социалистік жарыс қа түсіп, алған міндеттемелерін аброймен орындап шығу жолында еңбек өнімділігін арттырып, жарыс туын көтеруде.

Ж. ҚАСЕНОВ,
ҚЛКЖО облыстық комитетінің нұсқаушысы.

Нұсқаушылардың семинары

Жақында ҚЛКЖО облыстық комитеті аудандық комсомол комитеттерінің МТС-тер аймағы жөніндегі нұсқаушыларының семинарын өткізді. Семинарға көп адамдар қатысты.

Комсомол ұйымының жұмысы кәзіргі талаптарға сай болсын

Комсомол партияның жауынгер көмекшісі. Ол жұмыстың қай саласында болса да авангардтық роль атқаруға, одақта жоқ жастарды өзінің төңірегіне топтастыруға, олардың жаңа еңбек табыстарына жетуін қамтамасыз етуге тиіс.

Совет ауданындағы «Борьба за коммунизм» колхозының комсомол ұйымы комсомолцтер мен жастарға тәрбие беруде кәзіргі қойылып отырған талаптар дәрежесінде жұмыс істей алмай отыр. Мұнда саяси- бұқаралық және ұйымдастыру жұмыстарының дәрежесі төмен. Мұның өзі колхоздың егіс, пішеншілер, бригадаларында еңбек тәртібінің нашарлауына, жекелеген жастардың ішкілікке салынуына әкеліп соғып отыр. Мәселен, Жалтыр бөлімшесіндегі дүкеннің сатушысы комсомолец Хамзин тұрмыста азып, үнемі ішкілікке, маскүнемдікке салынған. Ол тінті зайыбының колхоз өндірісіне араласуына тыйым салған. Комсомолец Құрмангалиевті өзіне ертіп алып, селода бұзақылық істер істеген. № 4 дала бригадасының бригадирі Есмағанбетов жолдасты балағаттан, оны ұру әрекеттеріне дейін барған.

Тұрмыста азып, совет жастарына жат қылықтармен айналысқан Хамзин, Құрмангалиевтер сыяқты маскүнемдердің дөрекі істері комсомол ұйымына әбден мәлім. Бірақ, комсомол ұйымының секретары Чумак жолдас оларды тәртіпке шақырмай, дәрменсіздік жасап отыр.

Колхозда бірқатар комсомолцтер мен жастар еңбекке белсене қатыспайды. Тінті Есмағанбетова, Смайлова, Алкишева сыяқты жастар еңбеккүн минимумын тастаған. Мұндай жастардың саны аз емес.

Комсомол ұйымы комсомолцтер мен жастар арасында еңбектің озат әдісі болып табылатын социалистік жарысты кеңінен өріштетумен, оны уақытылы қорытындылап отырумен шұғылданбай келеді. Чумак жолдас дала қостарында, қырман басында өте сирек болады. Ол селолық оқу үйінің меңгерушісі болып істейді. Чумак жолдас бұл жұмысқа да кемкетті қарайды. Дала қостарына газет, журналдар уақытылы жеткізілмейді. Бұл кемшіліктерді жоюға Чумак жолдас көңіл бөлмей жүр.

Колхоз егін жыйнау жұмысына әзірліксіз кірісті. Бұрынғы қырмандар жөндеуден толық өтпеді. Орталық усадьбадағы 2 мың центнер астық сыятын жаңа қырманның құрылыс жұмыстары аяқталған жоқ. Ал, комбайн агрегаттары адамдармен толықтырылмаған. Жанар, жағар майлары кезінде жеткізілін тұрмайды.

Комсомол ұйымы егін жыйнау кезіндегі жастардың міндеттерін өзінің жыйналысында талқылауды, бұл іске жастардың тегіс қатысуын қамтамасыз ету шараларын белгілеуді де міндетім деп санамаған. Үгітшілердің құрамы қолынан іс келетін комсомолцтер есебінен толықтырылмаған. Бірсыпыра жастардың «үгітші» деп тізімге жазылса да олардың істеген істері байқалмайды.

Бұл колхозда аудандық комсомол комитетінің секретарьлары Мұқашев, Зайковская жолдастар бірнеше рет болды. Бірақ, олар комсомол ұйымының жұмысымен жете таныспай, оған нақтылы көмек көрсетпей асығыс, атүсті кетіп қалды. Әрине, олардың колхозға былай атүсті келіп кетуінен ұйым жұмысында жақсартарлықтай өзгеріс болмады.

Бастауыш комсомол ұйымының жұмысындағы бұл кемшіліктерді шұғыл жойып, колхоз жастарының өндіріске белсене қатысуын, оларның арасында саяси тәрбие жұмыстарын жақсарту қажет. Бұл үшін аудандық комсомол комитеті мен колхоздың бастауыш партия ұйымы комсомол ұйымына үнемі басшылық жасап, оның жұмысына бағыт сілтеп отырулары керек.

Х. РАҚЫМЕТОВ.

Үстірт басшылықтың салдары

«Бостандық» колхозының комсомол ұйымы Приешім ауданындағы үлкен комсомол ұйымдарының бірінен саналады. Оның есебінде 30 комсомолец бар. Алайда, комсомол ұйымы, оның секретары Жанболатов жолдас. комсомолцтер мен жастарға кәзіргі қойылып отырған талаптар дәрежесінде жұмыс істей алмай келеді.

Ең алдымен, комсомол ұйымының айлық жоспары жасалып, ол комсомол жыйналыстарында бекітілмейді. Ал, жыйналыстардың өзі үш- төрт айда бір өткізіледі. Мұның өзінде де жыйналысқа қойылатын күн тәртібі жыйналыс ашылардың алдында ғана әзірленеді. Сондықтан оны талқылауға комсомолцтер белсене қатыспайды. Жыйналыста жұмыстағы кемшіліктер қатаң сынға алынып, оны жоюдың нақтылы шаралары белгіленбейді. Ал, комсомол ұйымы комсомол қатарын еңбекті алаң істейтін жастар есебінен толықтырумен мүлдем шұғылданбай отыр. Жанболатов комсомол ұйымының секретарьлығына сайланғаннан бергі бір жылғы уақыт ішінде ұйымда комсомол қатарына бірде-бір мүше алынған жоқ. Ал, колхозда комсомолға өтуге дайындығы бар, өз жұмысына зор жауапкершілікпен қарап, күнделік тапсырмаларын үнемі асыра орындайтын жастар ондан саналады. Мәселен, Қаламқас Жанболатова, Бәтия Қалиаскарова, Дәрдәна Даянова, Дариха Калимолдина және басқа жастар астық тазартуда жұмыс істеп, өздерінің нормаларын асыра орындап жүр.

Комсомол ұйымының жұмысындағы осындай төзгісіз кемшіліктер аудандық комсомол комитетіне мәлім. Бірақ, аудандық комитет, оның секретары Тәжмешев

СУРЕТТЕ: Соколовка селосының орталығында орнатылған И. В. Сталиннің ескерткіші.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Тың және тыңайған жерлерді зерттеу

СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің елімізде астық молшылығын тың және тыңайған жерлер есебінен молайту, тың көтерудің қарқынын күн асқан сайын күшейте беру туралы қабылдаған қаулысы облыс еңбекшілері арасында қызу қолдау тапты.

Тың және тыңайған жерлерді толық игеру мақсатымен, жаңа жерлерді зерттеу жұмыстарына ерекше көңіл бөлінді.

Соколов ауданындағы Налобин МТС-і қарамағындағы колхоздардың жаңа жерлерін зерттеуде Д. Подскребкин басқарған жерге орналастырушы отрядтың мүшелері елеулі табыстарға не болды. Бұл отрядтың мүшелері А. Хорошев, Б. Омельянчук жолдастар жаңа жерлердің кең массивтерін түгел білетін жергілікті адамдармен тығыз байланыс жасап отырады. Соның нәтижесінде «Путь Ильича», Буденный атындағы және Молотов атындағы колхоздарға жүздеген гектар құнарлы жерлер зерттеп берді. Жақында бұл жерлер толық игерілетін болады.

Жаңа жерлерді зерттеуде Приешім МТС-нің қарамағында еңбек ететін жерге орналастырушылар отряды (басқарушы Андриевский) айтарлықтай жұмыс істеді. Олар 1955 жылғы жазда жыртылуға тиіс 50 мың гектарға жақын тың жерді зерттеді.

Преснов, Совет, Булаев аудандарында да жаңа жерлерді зерттеу жұмыстары қызу қарқынмен жүргізілуде.

А. ПАНИЧЕВ.

Үлгілі бастама—үлестес

Астықты деркезінде ысырапсыз жыйнау

Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советінің Президиумында

КӘСІПОДАҚТАРДЫҢ ҚАЗАҚ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ

Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советінің Президиумы кәсіподақтардың қазақ республикалық Советінің совхоз, МТС кәсіподақ ұйымдарына пәтер үй және мәдениет- тұрмысы құрылысы мәселелеріне көмек көрсету жөніндегі жұмысы туралы мәселе қарады.

Қабылданған қаулыда былай деп атап көрсетілген: Қазақ ССР ауыл шаруашылығы жұмысшылар мен қызметшілерінің кәсіподақ ұйымдары ауыл шаруашылығын өркендету, тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде СОКП Орталық Комитеті мен Совет Үкіметі алға қойған міндеттерді ойдағыдай орындауға МТС-тер мен совхоздардың жұмысшылары, қызметшілері мен мамандарын жұмылдыру жөніндегі бұқаралық жұмысты біраз жақсартты. Совхоздардың, машина- трактор станцияларының қызметкерлері социалистік жарысты кеңінен өріштету негізінде көктемгі егіс жоспарын асыра орындалы және алдағы жылдың егісіне арнап тың және тыңайған жер жырту жұмысын ойдағыдай атқаруда. Жемшөп дайындау және 1954 жылдың егінін жыйнау жұмысы жүргізілуде.

Мұнымен қатар, тексеру мынаны көрсетті: ауыл шаруашылығы мен дайындау орындарының жұмысшылары мен қызметшілері кәсіподақтың көптеген жұмысшы комитеттері, облыстық комитеттері және республикалық комитеті ауыл шаруашылығы қызметкерлеріне тұрмыс және мәдениет жағынан қызмет көрсету мәселелеріхен нашар шұғылданады. Кәсіподақтардың қазақ республикалық Советі МТС-тер мен совхоздарда пәтер үй және мәдени-тұрмыс құрылысының барысына тиісті бақылау ұйымдастырмайды, істің байбына жетіп отырмады, ауыл шаруашылығы кәсіподақ ұйымдарының қызметін талдап отырмады, пәтер-үй және мәдени-тұрмыс құрылысының жоспарларын ойдағыдай орындауға олардың назарын аударып отырмады.

Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советінің Президиумы кәсіподақтардың қазақ республикалық және облыстық Советтерінің, ауыл шаруашылығы мен дайындау орындарының жұмысшылары мен қызметшілері кәсіподағының республикалық, облыстық комитеттерінің, жұмысшы комитеттерінің кәзіргі уақыттағы басты міндеттерінің бірі —пәтер-үй және мәдени-тұрмыс құрылысының жоспарын орындау, совхоздар мен МТС-тердің жұмысшылары мен қызметшілері үшін сауданы, қоғамдық тамақтандыру ісін ұйымдастырудағы кемшіліктерді жою, сол сыяқты, пәтер- үйлер мен мәдени-тұрмыс орындарын қысқа өзірлеу болып табылады деп санайды.

Кәсіподақтардың республикалық Советі кәсіподақ активінің күшімен әрбір совхозда және МТС-те пәтер-үй құрылысының және басқа тұрмыс құрылыстарының барысына күн сайын нәтижелі бақылау ісін ұйымдастыруға, сәйтіп, суық түскенге дейін пәтер- үйлердің, дәрігерлік пункттердің, қызыл мүйістердің, асханалардың, магазиндердің, моншалардың, азық-түлік сақтайтын қоймалардың құрылысының аяқталуына жетуге міндетті. Жұмыстың сапасына және стандарт үйлерді құрастыруға кедергі болып отырған кемшіліктерді жоюға айрықша назар аудару керек. Кәсіподақтардың республикалық Советі құрылыс жұмысшыларының арасында социалистік жарысты өріштетуге кәсіподақ ұйымдарына көбірек жәрдем көрсетіп отыруға, озат коллективтердің тәжрибесін барынша кең таратып отыруға, ауыл шаруашылығы мен дайындау орындарының қызметкерлері, тұтынушылар кооперациясы қызметкерлері және медицина қызметкерлері кәсіподақтарының республикалық, облыстық комитеттеріне село еңбекшілерін тұрмыс жағынан қамту ісіне талаптылығын арттыруға тиіс.

Кәсіподақтардың республикалық советі, ауыл шаруашылығы мен дайындау орындарының жұмысшылары мен қызметшілері кәсіподағының республикалық, облыстық комитеттері мен жұмысшы комитеттері МТС-тер мен совхоздарда қоғамдық тамақтандыру ісіне бақылау қойып, асханалар жүйесін кеңейтуге жетуге тиіс.

(СОТА).

Қала еңбекшілерінің ауыл шаруашылығына көмегі

Петропавл қаласының еңбекшілері егінді қысқа мерзімде жыйнап алуға колхозшыларға өздерінің көмектерін көрсетуде. Кәзір қаланың өндіріс орындары мен мекемелерінен ауылшаруашылық мамандығы бар 443 адам және 5,5 мың жұмысшылар, қызметкерлер облыстық колхоздары мен совхоздарында егін жыйнау мен астық дайындауда аянбай еңбек етіп жүр.

Қаланың өнеркәсіп орындары мен транспорт, құрылыс және басқа мекемелері облыстың 31 МТС-ін, 77 колхозын өздерінің қамқорлығына алды. СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының кіш және құрмет тақталарын, қызыл бұрышқа аса қажетті шахмат, домбы, мебельдер, түрлі музыкалы аспаптарды көптеп жіберуде.

Қала еңбекшілері жалғыз егін жыйнау, астық дайындау кезінде ғана емес, көктемгі егіс кезінде колхоз, совхоздарға 33 трактор, 48 автомашина жіберіп, бидай себу, картоп отырғызу, жүгері егу жұмыстарын жүргізді. Тек механизация техникумының өзі ғана «30 жылдық Қазақстан» колхозына 85 гектар картопты өз күштерімен отырғызып берді. Сол сыяқты, Калинин атындағы, Жамбыл атындағы, Чапаев атындағы, Буденный атын-

Семинарда ҚЛКЖО облыстық комитетінің секретары В. Войнков жолдас СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің «Астық өндірісін арттыру үшін тың және тыңайған жерлерді онан әрі игеру туралы» қаулысын орындау күресіне облыс комсомол ұйымдарының қатысуы, «егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыруда және жемшөп дайындауда комсомолцетер мен жастар арасындағы социалистік жарысты кеңінен ұйымдастыру» туралы, ҚЛКЖО облыстық комитетінің секретары Ж. Нұрпейісов жолдас, «Саяси-идеялық жұмысты жақсартудағы комсомол ұйымдарының міндеттері туралы» баяндамалар жасады.

Сол сыяқты, ауылшаруашылығы ғылымының кандидаты Половицкий жолдас Т. С. Мальцев жолдастың тәжрибесі жөніндегі Бүкілодақтық кенестің қорытындысы туралы баяндама жасады. Облыстық комсомол комитеті лектор тобының меңгерушісі Зорин жолдас халықаралық жағдай туралы лекция оқыды.

...ылдардың орындалуын ұйымдастыруға комсомол ұйымы тіпті көңіл бөлмейді десе де болады.

Комсомолцетер мен жастардың арасында саяси-бұқаралық жұмыс төмен дәрежеде жүргізіледі. Комсомол ұйымы саяси-бұқаралық жұмыстың дәрежесін жақсартуға, жастардың жұмыстан бос уақытында мәдениетті дем алуына қанағаттанғысыз көңіл бөліп келеді. Саяси жұмыстың нашарлығынан комсомолцетер мен жастар арасында еңбек тәртібін бұзу, жұмыска мерзімінде шықпау, өз жұмысына немкетті қарау сыяқты фактілер де кездеседі.

Комсомолцетерге комсомолдық тапсырмалар беріліп, ол комсомол ұйымы тарапынан бақылауға алынбайды. Комсомол ұйымының секретары Жанболатов жолдас тіпті қай комсомолдың жұмыстың қай участогінде істен жүргенін, оның сменалық тапсырмасын қалай орындайтынын да білмейді.

...жолдас ұйым жұмысын жақсартуға бағытталған ешқандай шаралар белгілемей келеді. Көктемгі егіс басталғаннан бері колхозда аудандық комсомол комитетінің бірде -бір қызметкерлері болмаған. Жақында Ткаченко жолдас Қызылоскер совхозына бара жатып, жолда «Бостандық» колхозында аз уақыт бөгелген еді. Бірақ, ол осы уақыттың ішінде комсомол ұйымының жұмысымен танысуды, оның секретары Жанболатовпен кездесіп, оған көмектесуді қажет деп таппады.

Мұндай келушен не пайда?

Колхоздың бастауыш комсомол ұйымы, оның секретары Жанболатов жолдас комсомол ұйымының жұмысын шұғыл жақсартып, саяси- бұқаралық жұмысты идеялық жоғары дәрежеде жүргізу арқылы комсомолцетер мен жастарды егін жыйнау жұмыстарын қысқа мерзімде аяқтау күресіне жұмылдыруға тиіс.

Ж. ТӘШЕНОВ.

...атындағы колхоздың (Октябрь ауданы) егін орағында жүрген механизаторлары, машинаны тиімді пайдаланудың озат әдістерін іске батыл қолдануда. Егін жыйнаудағы комбайншылардың барлығы да күнделік нормаларын үнемі асыра орындап жүр. Әсресе, жас комбайншы С. Әубекіров басқаларға еңбектің озат үлгісін көрсетіп келеді. Ол «Сталинец—6» комбайнымен күн сайын 40—50 гектар жердің егінін жыйнауда.

Осы колхоздағы комбайншылар түгелдей жақсартылған екінші тазарткыш орнату әдісін қолданды. Бұл —комбайннан алынған астық сапасының жоғары, таза болуына жағдай жасады. Қазір астық комбайннан түскен бойы колхоз қырманына апарылмастан, тікелей қабылдау пункттеріне жөнелтіледі. Мұндай жаңашыл әдісті батыл қолдануы арқылы жас комбайншылар үлгілі бастаманың кең таралуы жолында үлкен үлес қосып отыр.

А. САҚТАНОВ.

Күздік егу әрі тез, әрі сапалы аяқталсын

Қазіргі уақытта облысымыздың колхоздары мен совхоздары ауыл шаруашылық жылының аса жауапты кезеңін басынан өткізуде. Ауа райының қолайсыздығына қарамастан бүгінгі таңдағы негізгі жұмыстар —егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру, күздік егу, қоғамдық мал шаруашылығы үшін қоралар салу және бұрынғы қоралары жөндеу, жемшөп дайындау ұштастырыла жүргізілуде.

Астық шаруашылығын шұғыл арттыру жөнінде партиямыз бен үкметіміз алға қойған міндеттерді орындау күресінде күздік дақылларды кезінде егу және олардан мол өнім алынуын қамтамасыз ету күресі шешуші роль атқарады. Ең алдымен, күздік қарабидай азық-түліктік дақыл болып есептелсе, ол қоғамдық малға арналған жемшөп базасын онан әрі нығайтуда да үлкен көмек болып табылады. Сондықтан да облыстың колхоздары быйыл күздік дақылдар егісінің көлемін өткен жылдардағыдан әлде қайда арттыра түспек. Соның ішінде 75 мың гектар қарабидай қоғамдық малға арналып жасыл шөп үшін егіледі.

Міне, мұның өзі, әсресе, облыс колхоздарында күздік егіс егу жұмыстарының қарқынын мейлінше күшейтуді талап етеді. Егер күздікке арналған пар кезінде сапалы дайындалып, оған күздік егу ең қолайлы мерзімдерде өткізілсе, күздік дақылдар өнімінің мол болуына жетісу қамтамасыз етілетіндігін тәжрибе айқын көрсетіп жүр. Мәселен, қазіргі уақыттың өзінде облыстың бірқатар колхоздары мен совхоздарында күздіктің әрбір гектарынан 15—18 центнерден өнім алынуы мұны айқын дәлелдейді. Егер Ленин ауданындағы Явленка совхозында күздіктің әрбір гектарынан 15 центнерге жуық өнім алынып отырса, Октябрь ауданындағы Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінің күздік дақылдар егілген жекелеген участоктерінен түскен астық гектарынан 18 центнерден айналып отыр. Сол сыяқты, Приешім совхозында және Преснов ауданының басқа да көптеген колхоздарында күздіктен мол өнім алынып отырғанын айта кету керек.

Алайда, көптеген колхоздарда күздіктен мейлінше төмен өнім алу сыяқты фактілерді кездестіруге болады. Мұның басты себебі мынада: еңалдымен, шаруашылықтар күздік өсіру жөніндегі колда бар мүмкіншіліктерді толық іске қоса алмаған. Күздік егуге арналған жерлерді өңдеуде агротехникалық шараларды бұрмалаушылыққа жол беру, күздікті кезінде екпеу сыяқты төзуге болмайтын кемшіліктер өнімнің өте-мөте төмен алынуына әкеліп соғып жүр. Бірқатар шаруашылықтардың басшылары күздікке арналған парларды органикалық және минералдық тыңайтқыштармен қоректендіру ісіне де жете мән бермей келеді. Олай болса, кейбір жерде күздік дақылдардан төмен өнім алынуын некен- саяқ іс деп қарауға болмайды.

Өткен жылы Конюхов ауданындағы Суворов, Чистян МТС-тері күздік егуді мейлінше кешіктіріп алды. Осының салдарынан аталған МТС-тердің қамтуындағы колхоздарда күздік егілген алаңдардың әрбір гектарынан алынған астық себілген тұқымның мөлшерінен де аспады. Мұндай жағдай Булаев ауданының колхоздарынан да кездесті.

Солай бола тұрса да, көптеген колхоздардың, МТС- тердің, тіпті, аудандардың басшылары өткен жылдың өрескел кемшіліктерінен әлі де тиісті қорытынды шығармай отыр. Қазір күздік егудің ең шешуші кезеңі. Бұл жұмыстар ең ұзағанда үстіміздегі антаның ішінде аяқталуға тиіс. Бірақ, осыған қарамастан көптеген МТС-тердің қамтуындағы колхоздар әлі күнге дейін күздік егуге кіріскен де жоқ. Ал, Булаев ауданының бірде -бір колхозы күздік егуді колға алмаған. Бұл аудан быйылғы күзде 11.500 гектар жерге күздік дақылдар егуге тиіс. Жоғарыда айтқанымыздай, күздік егудің агротехникалық қолайлы мерзімі өтіп бара жатыр. Дегенмен Булаев ауданы басшыларының (ҚКП аудандық комитетінің секретары Курлов жолдас, аудандық Совет атқомінің председателі Кизатов жолдас) аудан бойынша бірде- бір гектар жерге күздік дақылдар егілмеуіне төзіп отырғанына таңымыз бар. Олар МТС-тер мен колхоздардың басшыларынан күздік егісті кезінде бастауды және қысқа мерзімде аяқтауды талап етпей-ақ келеді.

Күздік егуде жағдай Совет ауданында да нашар. Бұл ауданның колхоздары әлі күнге дейін күздік дақылдар егу жоспарын 1,5 процент ғана орындады. Мұны теккана аудан, МТС және колхоз басшыларының бұл маңызды іске жете назар аудармағандығы деп бағалау керек.

Облыстың колхоздары мен МТС-терінде және совхоздарында күздік егу жоспарын кезінде орындауға қажетті мүмкіншіліктердің бәрі де бар. Әсресе, быйылғы жылы МТС- тер мен совхоздар отандық қуатты техниканы көпен алып отырғанда, ауылшаруашылық жұмыстарын кезінде және агротехникалық жоғары дәрежеде өткізуге болатындығын өткен көктем жұмыстарының барысы айқын дәлелдеп берді. Бірақ, күзгі жұмыстарда көптеген колхоздар мен МТС-тер қарқынды әлде қайда бәсеңдетіп жіберіп отыр.

Рас, жекелеген аудандардың колхоздары мен МТС-тері ауылшаруашылық жұмыстарын ұштастыра жүргізуді жолға қойып келеді. Бұл жөнінде Октябрь ауданын мысалға алуға болады. Ауданның колхоздары мен МТС-тері егін жыйнау қарқынын барған сайын күшейте отырып, күздік дақылдар егу ісінде де бірқатар жұмыс істеді. Аудан бойынша күздік егудің жоспары көзірдің өзінде жартылай орындалып отыр. Сонымен қатар, Петропавл және Преснов аудандарының бірқатар колхоздары күздік егу жоспарын орындап келеді,

Үстіміздегі апта күздік дақылдар егудің ең шешуші кезеңі болғандықтан колхоздар мен МТС-тер, совхоздар күздік егу қарқынын мейлінше күшейтуге тиіс. Бұл үшін ең алдымен механизаторлар арасында жоғарғы табыстарға жетудің бірдей-бір кепілі —социалистік жарысты кеңінен өрістету қажет. Механизаторларға, сол сыяқты, колхоз егіншілеріне тұқым дайындау, күздік егуге арналған алаңдарды іріктеп алу, еңбекті дұрыс ұйымдастыру, жұмыстың сапалы болуын қамтамасыз ету жөнінде көмек көрсету, әсресе, агрономдардың ең абройлы борышы. Қоғамдық мал үшін жасыл шөпке арнап күздік егуді тоғыспалы әдіспен жүргізу қажеттігін еске ала отырып, агрономдар бұл жұмыстарға тікелей өздері бақылау жасауға міндетті.

Күздік егу сыяқты аса маңызды жұмыстардың табысты болуы негізінен колда бар техника қуатының сарқа пайдаланылуына байланысты. Олай болса МТС-тердің басшылары, инженерлері мен механиктері әрбір трактордың жоғары өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету күресіне механизаторларды белсендіре жұмылдыратын болуы керек. Бұл үшін механизаторлардың еңбегін дұрыс ұйымдастырумен қатар, оларды қамтыйтын колхозшылардың да жоғары өнімді еңбек етуіне жетісу —маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Күздік егісте жүрген әрбір агрегатқа тұқым, су, жанар және жағар майлар, ал колхозшылар мен механизаторларға ыстық тағам кезінде жеткізілін, олардың мәдениетті тынығуы үшін қолайлы жағдай жасалуы керек.

Жоғарыда айтылғанындай, күздік егіс елімізде астық шаруашылығын шұғыл арттыру міндетін шешуде шешуші роль атқаратындығы мәлім. Жергілікті партия, совет, комсомол ұйымдарының, шаруашылық орындарының басшылары істе кездескен кемшіліктерді жоя отырып, күздік егу жоспарының үкмет тағайындаған мерзімдерде орындалуын қамтамасыз ету жолындағы күресті бастаушылар болуға тиіс.

...олардың МТС-терге жасаған материалдық-техникалық көмегінің өзі 2 миллион сомға жетті. Колхоз, ұста дүкендері мен трактор бригадаларына арналып 600 мың сомның құрал жабдықтары жасалып берілді.

Мысалы, Петропавл паровоз депосының коллективі өз қамқорлығына алған Полудень МТС-іне жаңа май престерін, слесарлық құрал- жабдықтар және тракторлдың бірнеше запас бөлшектерін берді. Шойын құю- таразы заводы да МТС-тер мен колхоздар үшін көптеген темір бөшкелер, 500-дей жылжымалы кухнялар, жанар май қуятын цистерналар, мыңдаған арба белдіктерін шығарды.

Құрылыс -монтаж мекемесі өзінің қамқорлығына алған Асанов МТС-інде көптеген жұмыстар істеуде. Бұлар МТС-тің жаңа машина- трактор мастерскойын салуды аяқтауға жұмылды. Оның үстіне 50 орынды екі трактор гаражын салуды толық аяқтап, енді автомобиль гаражын, электр станциясын, монша, ауылшаруашылық машиналары тұратын екі гараж салу ісіне кірісті. Бұл құрылыс мекемесінің екінші тобы Октябрь ауданындағы тың жер игеріп жатқан Москворецк совхозында жаңа құрылыс жұмысын қызу жүргізуде. Ал, «Красный пахарь» колхозына 300 шошқалық жаңа қора салып жатыр.

Қаланың бірлескен өндіріс орындары Петропавл ауданындағы «Луч Ленина» колхозына көлемі 900 шаршыметрлік жаңа теплица салып жатыр. Мұның құрылысына 450 мың сом қаржы бөлінді. Бұл теплица іске қосылғаннан кейін қала жұмысшылары қысты күні көп мөлшерде овощтар алып тұратын болады.

Қала өндіріс мекеме орындары село жұртшылығына материалдық көмек көрсетумен бірге, мәдени тұрмыс жағынан да аса үлкен қамқорлық жасауда. Қаланың байланыс коллективтері 33 колхозға радио торабын салып, 1500 үйге радио точкаларын орнатты. Кәсіпорындарының көркемөнер үйірмелері МТС-терге, колхоздарға, совхоздарға жиі- жиі шығып, концерт қойып береді. Қаланың комсомолец -жастары 10 мыңнан астам саяси, әдеби кітаптар жыйнап, МТС-терге, колхоздарға, совхоздарға жөнелтті. Өнеркәсіп орындары мен мекемелері бірнеше көрсет-

...басқа колхоздардағы картоп отырғызу жұмысына қала жұртшылығы үлкен көмек көрсетті.

Қысқы мал азығын дайындау ісіне де қала еңбекшілері өздерінің айтарлықтай көмегін көрсетті. Облысымыздың колхоздары мен совхоздарына пішен дайындау үшін қала кәсіпорындарынан 3 мыңнан астам адам көмекке барды. Бұл іске өздерінің қажырлы еңбекімен үлес қосқан былғары заводының, темекі фабрикасының, вагон жөндеу депосының, «Пищевик» кәсіпшілік артелінің жұмысшылары болды.

Жемшөп дайындау ісіне қала мектептерінің жоғары класс оқушылары да өздерінің жазғы каникул кезінде колхоздарда пішен дайындауда айтарлықтай еңбек етіп, колхозшыларға қолқабыстарын тигізді. Тек қаланың Максим Горький атындағы мектеп оқушылары ғана Приешім ауданының Сталин атындағы колхозында 750 гектар жердің шөбін шауып, оны мал қораларының жанына тасыды.

Қазір облысымызда егін жыйнау, астық дайындау жұмысы қызу жүріп жатқанда, егіншілерге көмекке деп қалалық партия комитеті жергілікті партия ұйымдарынан 300 коммунисті іріктеп алып, жіберді. Олардың барлығы ауылшаруашылығының мамандары; комбайншы, трактершы, шофер болып істегендер.

Өнеркәсіп орындары мен мекемелері өздерінің ауылшаруашылығына көмегін бұдан былай да жақсарта түседі. Қаладан колхоздар мен совхоздарға баратын адамдардың саны таяу уақытта 7 мыңға жеткізілмекші. Оның ішінде көптеген коммунистер, ауыл шаруашылығының мамандары бар. Олар егіншілер арасында социалистік жарысты, саяси- бұқаралық жұмысты кең өрістетіп, егінді тез, ысырапсыз жыйнап алуға, астықты мол дайындауға көмектесулі.

Ауыл шаруашылығына қамқорлық көмекті барған сайын күшейте отырып, қаланың өнеркәсіп орындарының, транспорттың, мекемелердің коллективтері елімізде ауыл шаруашылығы өндірісін ұлғайту ісіне өздерінің үлестерін қосатыны сөзсіз.

М. ГРЕЧКОСЕЕВ,
ҚКП қалалық комитетінің өнеркәсіп және транспорт бөлімінің меңгерушісі.

КОЛХОЗҒА КӨМЕК

Қаладағы техникалық мектептің коллективі қоғамдық малға берік жемшөп қорын жасау жолындағы күресте Петропавл ауданындағы Калинин атындағы колхоздың шаруашылығына айта қаларлықтай көмек көрсетті. Олар колхоз даласында екі мың центнер шөп жыйнап, оны маялап берді. Шөп сүрлеуге арналған үлкен бес ор қазып, олардың барлығын құнарлы шөппен толтырды. Сол сыяқты, колхоздың овощ сақтайтын қоймасын жасау үшін де 1200 текшеметр жер қазылды. Оған 43 машина шлак, он тонна цемент әкелінді. Бұл жасалған қоймаға 400 тонна овощ сыйып, ол көп мерзімге дейін сақталатын болады.

Техникалық мектептің мұғалімдері мен оқушылары қазіргі егін ору және мемлекетке астық тапсыру науқаны кезінде де колхоз қырманында көптеген жұмыстар жүргізуде. Мектеп машинасымен үш қырман басына және екі мал қорасына 800 шаршыметр ағаш жеткізілді. Колхоздың астық қырманындағы бес веялка күрделі жөндеуден өткізілін, олардың әркайсысына бір-бір комплектіден артық запас бөлшектері дайындалды.

Қырманды механизациялаудыруда және олардың еңбек өнімділігін арттыруда, әсресе, Бабин және Верисоцкий жолдастар ерекше көзге түсті. Қазір мектеп коллективі өз машиналарымен астық тасып, оны қабылдау пунктіне тапсыруда да елеулі еңбек етіп жүр.

Г. БАЗЫЛБЕКОВ.

ЕГІН ЖЫЙНАУ МЕН АСТЫҚ ДАЙЫНДАУДЫ ҰЙЫМШЫЛДЫҚПЕН ЖҮРГІЗУДЕМІЗ



Біздің колхоздың колхозшылары СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи қаулысын басшылыққа ала отырып, ауыл шаруашылығының негізгі саласы —егіншіліктің мәдениетін арттыруда, қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде айтарлықтай табыстарға ие болуда. Өткен жылы дәнді дақылдардың әрбір гектарынан орта есеппен 11 центнерден өнім алынды. Бұл егін шаруашылығынан 1 миллион 200 мың сом табыс алуымызға мүмкіндік берді. Ал, колхоздың жалпы табысы 1 миллион 600 мың сомға жетті. Колхозшылардың әрбір еңбек күніне 4,6 килограмм астық, 2 сом 60 тиын ақша берілді.

Егін шаруашылығын алып адыммен өркендету колхоздың экономикасын нығайтудың, колхозшылардың әл- ауқат мәдени дәрежесін жақсартудың ең қайнар көзі екенін жете түсінген колхозшы шаруалар быйыл дәнді дақылдардың көлемін 1953 жылғыдан 510 гектар, майлы және техникалық дақылдардың көлемін 180 гектар ұлғайтты. Дәнді дақылдар егісі тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен кеңейтілді.

Колхозшылар мен механизаторлар СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысын зор қуанышпен қарсы алды. Олар бұл қаулыны өздерінің өндірістік жыйналыстарында талқылап, егін жыйнау мен астық дайындауды қысқа мерзімде өткізудің және басқа да шаруашылық жұмыстарды тыңғылықты жүргізудің нақтылы шараларын белгіледі. Төменде егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарының кәзіргі барысына тоқталмақпыз.

ЕГІНДІ КЕЗІНДЕ ЖЫЙНАУ— ҮТҚАНДЫҚ

Колхозда егіске себілген тұқымның сорты әртүрлі. Сондықтан егін бір кезде піспейді. Мұның өзі егін жыйнаудың қауырт болмауына және астықтың ысырап болмауына мүмкіндік береді. Быйыл колхозда егіннің шығымы өткен жылғыдан артық. Бітік егінді кезінде жыйнап алу үшін егін ору мерзімін неғұрлым қысқарту керек. Біздің жылдан жылға егін жыйнаудың мерзімі қысқартылып келеді. Быйыл егінді 20 жұмыс күні ішінде жыйнаудың орнына 15 күнге дейін ұлғайтуымыз керек.

Колхозшылар мен механизаторлар егін жыйнау қарқынын кеңінен өрістетумен бірге, жұмыстың сапалы болуына, астық ысырабына жол бермеуге жете назар аударуда. Жазғы уақытта жауынның аз болуынан кейбір участоктің егіні аласа өсті. Хедерді қанша төмен түсіргенмен мұндай егінді ысырапсыз жыйнау қыйын. Дегенмен, комбайншылар мұндай егінді ысырапсыз жыйнаудың жолдарын тауып жүр. Комбайншылар Ким, Кель, Байбосынов жолдастар аласа егінді жыйнау үшін қалбағайдың ең бойына резинка шегеледі. Бұл қыркылған сабақсыз және сабағы қысқа масақты жерге түсірмей молотилкаға тастап отырады.

Егін жыйнауда еңбектің өнімді болуының тағы бір негізгі шарты — комбайн бункерлерінен астықты агрегат жүріп бара жатқанда қотару. Комбайндардан қырмандарға астық тасуға колхоздағы төрт жүк автомобилі және 36 көлік арбасы бөлінді.

Дегенмен, егін жыйнауда кемшіліктерде жоқ емес. Бұл, әсіресе, МТС басшылары тарапынан болып отыр. Бізге МТС 13 комбайнды қамтуға небары екі ғана автомобиль бөлді. Біз әлі күнге дейін мол өнімді участоктердің егінін жыйнауға кіріскеміз жоқ. Ол участоктердің егінін жыйнауға кіріскенде қолда бар транспорт комбайндардан қырмандарға астық тасуға жеткіліксіз болады. Сондықтан МТС- тің бізге тағы да бірнеше жүк машиналарын бөлгені жөн.

АСТЫҚТЫ ТАЗАРТУ, КЕПТІРУ ЖӘНЕ ДАЙЫНДАУ

Бізде комбайндар толық жұмыс істегенде күніне кемінде 2000 центнер астық бастырылады. Бұл бастырылған астықты колхозшылар күнбе- күн тазартып отырады. Бізде барлығы 5 жабық қырман болса, онда астық тазарту күні-түні бірдей жүргізілуде. Кәзіргі уақытта астық тазартуда бір «ВИМ», төрт сортировка, екі триер, екі молотилка жұмыс істейді. Бұлармен тәулікте 1500 центнердей астық тазартылады.

Колхозшылар астық дайындаудың қарқынды жүргізілуі бастырылған астықты

КАРТОП ПЕН ОВОЩЬТАРДЫ ЖЫЙНАУ

Быйыл біздің колхозда 81 гектар картоп және 65 гектар овощь жыйналады. Картоптың, капустаның, помидордың шығымы сондай жақсы. Картоптың әрбір гектарынан 105 центнер орнына, кемінде 200 центнер картоп алынады.

Колхозшылар картоп, овощь жыйнауға барлық жағынан ұлғілі әзірленуде. Быйыл колхозда картоп жыйнайтын бір комбайн жұмыс істейді. Бірақ, бұл комбайн барлық картопты жыйнап үлгермейді. Сондықтан картопты қолмен казуды ұйымдастырамыз. Кәзірдің өзінде колхозда картоп қазатын күрек және қазылған картопты жыйнатын корзинкалар жетіліктi мөлшерде дайындалды.

Келесі жылы картоп егісінің көлемі 200 гектарға дейін ұлғайтылады. Бұл үшін күзде 4800 центнер тұқым дайындаймыз. Біз тұқым күюға ерекше назар аударып, картоп сақтайтын орындарды дайын еттік. Картопты қаза бастасымен тұқымды іріктеп алып, сақтайтын орындарға тасыймыз. Мемлекеттік сатып алу орындарына кемінде 5 мың центнер картоп тапсырып, жемінде 200 мың сом табыс аламыз. Ал, помидорды, қыярды, сарымсақты жыйнап, оны қала еңбекшілеріне сатуды кәзірдің өзінде ұйымдастырдық.

* * *

Колхоз басқармасы мен партия ұйымы егіншілердің тұрмыстық қажетіне күнбе-күн көңіл бөліп келеді. Әрбір бригадада жатар орын және мәдениет қосы бар. Колхозшылар бос уақыттарында мәдениетті тыңығады. Олар радио қабылдағыш арқылы елімізде болған жаңалықтарды естіп отырады. Әрбір бригадаға газет, журналдар күнбе- күн жеткізіледі. Егіншілерге күніне 3 рет ыстық тамақ беріледі. Колхозда ет, май, сүт, ұн, картоп, овощьтар жеткілікті.

Коммунистер мен село активтері егінді қыска мерзімде жыйнап алу жолындағы күрестің шын мәніндегі ұйымдастырушылары болып табылады. 8 коммунист және ауылдық Советтің

Маскүнемдік—ескінің зыянды калдығы

Ішкілік —көбірек тараған және адамның организмі үшін қатерлі ұудың бірі. Арақты шамадан тыс ішуге салыну көп аурулардың, оның ішінде өте ауыр, емдеуге болмайтын аурулардың себебі болып табылады.

Ішкілік адам қоғамының өміріне қайғы мен азап шеккен жағдайда адамды тыныштандыруға, қуаныш көп көңілденуге көмектесетін құрал деген жалған желеумен кірді. Ал, шындығында, орыстың ұлы ғалымы И. П. Павлов айтқандай, ішкілік бүкіл адам баласына қуаныштан гөрі азапты анағұрлым көп әкеледі.

Капиталистік құрылыс жағдайында маскүнемдіктің таралуы нағыз әлеуметтік апат болып табылады. Ауыр, азапты еңбек, қайыршылық тұрмыс еңбекшілерді өзінің тұрмысын немен болса да боямалау, немесе жайлан-жай ұмыту үшін ішкілікке салынуға әкеліп урындырды және урындырады да. Буржуазиялық үкметтердің өздері де еңбекшілерді мас қылуға құштар.

Революцияға дейінгі Россияда, мәселен, патша үкметі «қазналық шарап монополиясы» дейтіннің көмегімен еңбекшілердің басын айналдырып, ішкілік сатуды кең өрістетті, бұдан орасан көп пайда тапты. Орасан көп пайданы қайда қоярын білмеген Россияның бай таптарының ішінде де әртүрлі формада маскүнемдік кең жайылды.

Көптеген онжылдардың бойында жеке және қоғамдық өмірдің әрбір оқыйғаларына байланысты, қуанышқа не қайғыға байланысты адамдардың шектен тыс арақ ішіп, мас болуы сыяқты зыянды әдет -ғұрып қалыптасты. Бала туса — «крестин» дейтіннен кейін арақ ішу басталады. Бір адам өлсе, жерленгеннен кейін марқұмды еске түсіру үшін тағы да арақ ішіледі. Үйлену тойы міндетті түрде арақ ішіп мас болумен өтіп отырады. Сәтті жағдайда да арақ ішіледі, ал, сәтсіз жағдайды тағы да шараппен өткізетін болды.

Адамгершілікке жатпайтын әртүрлі қылықтар, бұзақылық, төбелес, жанжал жасау, жаман сөздер айту да маскүнемдікпен тығыз байланысты. Ерте кезде діни мерекелердің, әсресе деревняларда «тақта отыру мерекелері» дейтіннің қандай қатты төбелестермен аяқталатынын қарт адамдар жақсы біледі. Алайда, бұл өрескел және зыянды әдет- ғұрыптар кейбір жерлерде кәзіргі уақытта да сақталып отыр. Жуырда, мысалы, Ленинград облысы, Ново- Ладожск ауданындағы Реброво деревнясында діни мерекеге байланысты болған серуен кезінде маскүнемдіктің зардабынан төбелес шығып, онда екі адам жайлан- жай өлген.

Біздің социалистік елімізде маскүнемдіктің етек алуына ешбір негіз жоқ. Коммунистік партия мен Совет Үкметінің үнемі жасап отырған қамқорлығы нәтижесінде еңбекшілердің әл- ауқат және мәдени дәрежесінің үздіксіз жақсаруы, халықтың саналылығының артуы маскүнемдіктің тамырына балта шабуда. Бірақ маскүнемдік —ескінің бұл зыянды қалдығы көптеген совет адамдарының арасында әлі де бар. Бұған қарсы күшті өзі ұстай алмаушылықтың неге әкеліп соғатынына бірқатар мысалдар.

Азамат В. маскүйінде Ленинград облысы, Тосненск ауданындағы Рындолево совхозының жатақханасына келіп, төбелес шығарды. Мұнымен тынбай ол клубта жанжал шығарған, қызметкерлерге тиісін, жаман сөздер айтқан. Жатақханада ол столды лақтырып, ыдыс- аяқты күл-талқан қылып, есікті сындырды. Халық соты бұзақыны 3 жылға ержінен айыруға үкім шығарды. Атап айту керек, В. бұған дейін социалистік жатақхана ережесін ешбір бұзбаған, тек маскүнемдіктің зардабынан ғана бұзақы болған.

Арақ- шарап ішу, әсресе транспорт жүргізушілеріне өте қаупті. Әдетте, бұл бүлініштікке және бақытсыздық жағдайларға әкеліп соғады. Міне, мұндай көп мысалдардың бірін келтірейік. 1954 жылғы 16 июльде Ленинградтағы Петровск жағалауында «Ленводопровод» механикаландыру мекемесіне қарасты жүк машинасы авариядағы ұшырады. Машинаны мастық қалыпқа жеткен шофер Л. жүргізген. Бұрылысқа қатты жылдамдықпен келіп, шофер уақытында тормозбен машинаны тоқтата алмайды, машина соқтығып, қырынан аударылып түседі. 4 жолаушының біреуі өледі, үшеуі ауыр зақым алады.

Еңбек даңқ шығаратын, ер және батыр атандыратын іске айналып отырған, еңбекшілер жоғары еңбек өнімділігі жолында үздіксіз күрес жүргізіп отырған советтік социалистік қоғамда артта қалған элементтердің ішкіліктің зардабымен еңбек тәртібін бұзуына, жұмыс уақытын босқа өткізуіне, осының салдарынан коммунистік құрылыс ісіне зиян келтіруіне ешбір төзуге болмайды.

Маскүнемдік адамның жұмыс істеу қабілетін өте кемітеді. Ішкіліктің салдарынан адамның ой еңбегі қабілетінің төмендейтіні әбден белгілі. Мас болып жүрген жағдайда бірдеңені жатқа ұстау және еске алу өте қыйын. Дене еңбегі қабілеті де бірден азаяды. Ішкіліктің зардабынан жүріп-тұрулың нәзік кейпі, ұяңы оның әрбір жұмыс кезіндегі, әсресе дәл жұмыс істейтін кездегі координациясы бұзылады. Тіпті аз-маз арақ ішкеннің өзі жүріп-тұрудың дәлдігін күрт төмендетіп жібереді. Тігінші шебер үшін үйреншікті іс —инеге жіп сабақтаудың өзі ішкен шараптың әсерінен қыйынға айналады.

Маскүнемдік адамның мүскілінің жұмыс істеуін жақсартады- мыс деген қате ұғым бар. Шынында, арақ ішкеннен кейін дене еңбегін істегенде адам шамалы уақыт ғана белгілі бір жеңілдік алғандай болады. Бірақ бұл кезең өте қыска, ал одан кейін жұмыс істеу қабілеті үдемелі түрде төмендей береді.

Маскүнемдік ішкі жан жүйелеріне— жүрекке, қан жолдарына, бүйрекке, бауырға және басқаларына зиянды зардабын тигізеді. Арақ- шарапты өте көп ішуге салынған адамдардың организмінің аурға, атап айтқанда, инфекцияларға қарсы әсері төмендейді. Маскүнемдердің өлуге бейімділігі тым күшті болатыны жалпыға мәлім.

алады, өзінің қоғам алдындағы борышын, өзінің үйлі- жанын ұмытады. Оның барлық ой- мақсаты өзінің аракқа деген қажетін қанағаттандыруға ғана бағытталған. Бұл мақсат үшін маскүнем адам ешнәрсенің алдында да тоқтамайды. Ол өзінің бар нәрсесін, әйелінің, баласының мүлкін ішімділіккке салады, көп ретте тінті тура қылмыс жасауға дейін барады.

Үнемі маскүнемдікке салынғаны үшін инженер Б—в. Совет Армиясы қатарынан босатылған болатын. Ол ішуді біртіндеп, аздан бастады, ал одан кейін арақты күныға- күныға ішіп, маскүнемдікке жетті. Армиядан босатылысымен ол техникумға оқытушы болып кірді, бірақ онда да жұмыста көп тұрақтай алмады, өйткені, ішуді тоқтатпады, тінті сабаққа мас қалпында келетін болды.

Жас азамат М.—еңбегі сіңген совет ғалымының жалғыз ұл баласы. Жас шағынан бастап ол туғандары тарапынан шамадан тыс жақсы қамқорлыққа бөленді. Жас кезінде-ақ арақ ішуді бастады, бірақ, бұл оның туғандарын тыныштандырмады да, қынжылтпады да. Ол арақ- шарапқа өбден құнығып алды да, күн сайын ішетін болды. Маскүнемдікке салынуына байланысты екінші курсында оқып жүргенде ол институттан шығарылды. Жұмыс та істегісі келді, бірақ ешбір жерде ұзақ тұрақтай алмады. Туғандары өзінің баласына деген ықыласын негізінен өзгертпей, оны ақшамен қамтуда болды. Осы жолмен оған ақыл енгіземіз деп, оны үйлендіріп, той «жасады». Алайда, жұмыс істеуге дағдыланбаған, бейғам тұрмысқа бейім М. семьялық тұрмыс құра алмай, ішуге салына берді. Туғандары олардың баласы ауру деп есептеп, оны бір емдеу орнынан екінші емдеу орнына ауыстыруға қам жасап бағады. Бірақ бұдан көмек болмады, аурухаладан шығысымен ол қайтадан ішуді бастайды.

Туысқандарының маскүнемдікке салынуы семьяға ауыр зардабын тигізеді. Маскүнем әке жасайтын әдепсіз ұлықтар, жан түршігерлік жанжал, төбелес— мұның бәрі балаларды үрейлендіреді, мұндай семьяда балалар жүдеу, күйгелек болып өседі. Осының салдарынан, сол сыяқты, қолайсыз үй жағдайларына байланысты мұндай семьяда мектеп жасындағы балалардың оқыш үлгеруі төмендейді.

Ақырында, маскүнемдік сан алуан психикалық аурулардың себебі болып табылады.

Совет журтшылығы хауіпті әлеуметтік жауыздық ретінде, ескінің зиянды қалдықтарының бірі ретінде маскүнемдікке қарсы күресті белсене өрістетуге тиіс. Арақ және басқа да елітпе, дейді В. И. Ленин, «.... біз біді коммунизмге қарай алға емес, қайта капитализмге қарай артқа апарады...» (В. И. Ленин Шығармалар, 32 том, 403-бет).

Совет адамдарына коммунистік тәрбие берудің кеңінен өрістетілуі, олардың саналылығының артуы, біздің мәдениағарту мекемелерінің — кітапханалың

[illegible] ұйымдастырдық. Мұны орындау үшін біз күн сайын 200 гектардан астам егін жыйнауымыз керек. МТС колхозға 13 комбайн бөлді. Оның біреуі өздігінен жүретін, қалғандары «Сталинец-1» және «Сталинец-6» комбайндары.

Комбайншылар күнделік тапсырманы артық орындауға, астықты көптеп бастыруға шақырған Ставрополь өлкесі, Петров МТС-і комбайншыларының бастамасын қызу қолдан, өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алған-ды. Комбайншы П. Ким жолдас екі комбайнмен 20 жұмыс күнінде 1300 гектар егін жыйнауға міндеттенді. Ол өткен жылы күн сайын 45-50 гектар егін жыйнаса, быйыл 60 гектардан егін жыйнап жүр. Ол тәлық бір жұмыс аптасында 336 гектар егін жыйнады. Комбайншылар Т. Байбосынов, И. Кель, В. Генч жолдастар да егін оруда комбайн қуатын неғұрлым өнімді пайдалануда. Комбайндарды жұмысқа тиімді пайдалануды нәтижесінде кәзір колхозда 1546 гектар егін жыйналды.

Өткен жылға қарағанда быйыл комбайншылардың еңбек көрсеткіштері жоғары екенін атап айту қажет. Мұның негізгі себебі механизаторлар мен колхозшылар арасындағы еңбек достығының күшейе түсуі болып саналады. Трактор және егіс бригадаларының бригадирлері жұмысты үнемі ақылдасып істейді. Олар күнде кешке сол күнгі жұмысты қорытындылап, келесі күнгі жұмысты калай ұйымдастырудың шараларын белгілейді.

Егін жыйнауда еңбектің өнімді болуына екінші бір себеп— комбайндардың топ—тобымен жұмыс істеуі. Өткен жылы да біз жұмысты осылай ұйымдастырғанбыз. Бұл жағдай комбайндарға техникалық күтімді кезінде жүргізуге, жанар, жағар майды, суды кезінде жеткізіп отыруға және комбайн агрегаттарының жұмысын жақсартуға мүмкіндік береді. Бізде 3 трактор бригадасы болса, әрбір бригададағы комбайндар жұмысты бір участокте істейді.

[illegible] тезінен тазартуға тікелей байланысты екенін жете түсініп, астық тазартуда аянбай еңбек етуде. Колхозшы Сушков жолдас астық тазартатын молотилканы жұмысқа өнімді пайдалануда. Ол кей күндері 800 центнерге дейін астық тазартады. Осы сияқты колхозшылар А. Преснякова, Я. Петрова, Н. Девяткина, Л. Рыминова жолдастар да сортировкамен бір сменада 60 центнер астық тазарту орнына, 70 -80 центнер астық тазартады.

Ауа райына байланысты бізде көпшілік астықтың дымқылдығы 30 процентке дейін жетеді. Ал, қабылдау пункті дымқылдығы 22 процентке дейінгі астықты ғана қабылдайды. Сондықтан біз өндай астықты еңалдымен тазартып, кептірген соң ғана қабылдау пунктіне жөнелтеміз. Астық кептіруге күні бұрын әзірлендік.

Колхозда бұрын астық кептіретін зор «ВИСХОМ» болатын. Быйыл жаңадан тағы бір «ВИСХОМ» сатып алдық. Бұлар кәзіргі уақытта күні-түні бірдей жұмыс істегенде, оның әрқайсысы мен кем дегенде күніне 1000 центнер астық кептіруге мүмкіншілік бар. Астық кептіргіштерді жұмысқа пайдалану арқылы біз мемлекетке жауынды күндері де астық тапсырын жүрміз. Бұрын бізде астық кептіргіштер бір сменада ғана жұмыс істейтін. Дымқылды астықтың молаюы себепті біз кәзіргі уақытта жұмысты тәулік бойы жүргізудеміз.

Колхоз быйыл мемлекетке 4 мың. МТС жұмыстары үшін 6,5 мың және сатып алу орындарына кеміде 5 мың центнер астық тапсыруы керек. Біз 4—5 жұмыс күні ішінде мемлекетке 3000 центнерге жуық астық өткіздік. Астық тасуда бес автомобиль үздіксіз жұмыс істейді. Олар қабылдау пунктіне тәулігіне 3-4 рет қатынайды. Бізде 5 сентябрьге дейін астық дайындау жоспарын толық орындап шығуға мүмкіншілік бар.

[illegible] депутаты тікелей егін жыйнауда, астық тазартуда жұмыс істейді. Олардың барлығы да колхозшыларға еңбек үлгісін көрсетіп, социалистік жарыстың алдыңғы сапында келеді. Партия ұйымының құрамында 20 мүшесі бар үгіт коллективі жұмыс істейді. Үгітшілер қырман басында комбайн агрегаттарында жиі- жиі болып дауыстап газет оқыйды, әңгіме өткізеді. Олар күнделікті жұмысқа қорытынды жасап, орын алған кемшіліктерді жоюдың жолдарын айтады, озат тәжрибелерді насихаттайды.

Біз егін жыйнау және астық дайындау жұмыстарын 5 сентябрьге дейін аяқтап, елімізге ауылшаруашылық өнімдерін көптеп сатамыз. Тек астық сатудан ғана колхоз 700 мың сомдай табыс алады. Ал, егіншіліктің барлық табысы 1 миллион 300 мың сомға жетеді. Колхоздың жалпы табысын 2 миллион сомға жеткізуді үйғарып отырмыз.

Бізде егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарымен қатар ауыл шаруашылығының басқа жұмыстары да тыңғылықты жүргізілуде. Мал азығын дайындауда екі бригада үздіксіз жұмыс істейді. Барлық трактор бригадалары зябь жыртуға кіріскен, оны қарқынды жүргізуде. 560 гектар күздік егіс ектік. Жемшөп үшін 700 гектар күздік егуге тиіс болсақ, оның 200 гектары кәзірдің өзінде егілді.

Колхозда құрылыс жұмыстарының қарқыны қыза түсуде. 200 бастық сиыр қорасы, 200 бастық төл үйінің, 6 жүк машинасы сыятын гараждың құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Колхозшылар мен механизаторлар егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарында тығыз ынтымақпен еңбек етіп, ауылшаруашылық жылын үлгілі аяқтайды. Сөйтіп, колхозымызды байлығы шалқыған, халқының әл- ауқат, мәдени тұрмысы жақсарған шаруашылыққа айналдырады.

Е. БӘУКЕНОВ,
Петропавл ауданы, «Луч Ленина» колхозының председателі.



СУРЕТТЕ: (оңнан солға қарай жоғарыда) 1. комбайншы Тіленбай Байбосыновтың «Луч Ленина» колхозында астық орып жүрген кезі. 2. Колхоз қырманында астық тазарту. 3. Қырмандардан элеваторға астық жөнелту.
Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

[illegible] сы күрес —ең алдымен совет адамдарының денсаулығы үшін күрес. Маскүнемдік адамның организміне бұлдіргіш әсер тигізеді, әсресе нерв жүйесіне зыянды әсер етеді. Жоғарғы нерв қызметінің бұлінуі салдарынан мас адам сезіну, әдептілік шегін жоғалтады, оған «теңіз тізеден» келседе бәрі бір. Сау адам ешуақытта өзіне істеуге жол бермейтіннің бәрін, мас болған адам оңай істейді. Өзіне өзінің сақ болуынан айрылған адам мас қалпында көп артық сөздер айтады, оның өзіне сенін тапсырылған құпия істің бәрін ашық ауызданып айтып салады. «Сау адамның есіндегі —мас адамның тілінде» деп бекерге айтылмаған.

Міне, маскүнемдіктің зардабынан өзін- [illegible] денсаулықтың бұзылуы арақты тіпті аз мөлшерде болсын үнемі, күн сайын ішуден пайда болады. Арақтың 100 грамын ішу организмге 1-2 тәулік бойына өзінің әсерін тигізетіні дәлелденді. Демек, арақ- шарапты тіпті аз мөлшерде үнемі ішетін адам мәңгілік маскүнемге айналып кетеді. Сондықтан арақты мас болмай аз ішудің зияны жоқ- мыс деу дұрыс емес. Сонымен бірге, тәжрибеде маскүнем адам ешуақытта да арақты азғана ішіп қоюмен тынбайды. Біртіндеп арақка еліктеп, ол ішу мөлшерін үстіүстіне молайта бастайды. «Өзен бұлақтан- маскүнемдік рюмкадан басталады» деген халық мәтелі тегін айтылмаған.

Маскүнемнің, бет- пішіні біртіндеп өзгере береді. Ол жұмыс істеуді қойып [illegible] лердің, театрлардың, киолардың жұмысын мықтап жақсарту — капитализмнің қалдықтарының, оның ішінде маскүнемдік сияқты ескінің жексұрын қалдығын жоюда үлкен роль атқарады. Сонымен бірге, социалистік жатақхананың ережесін бұзушыларға, совет қоғамы мен семья алдындағы борышын ұмытқандардың маскүнемдікке салынып, еңбек тәртібін және социалистік жатақхананың ережесін өрескел бұзғандардың бәріне қарсы әкімшілік күрес күшті жүргізілетін болуға тиіс.

Г. ЗЕНЕВИЧ,
В. М. Бехтерев атындағы Мемлекеттік психоневрологиялық институттың аға ғылми қызметкері.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАРСАҢЫНДА

Жайбарақаттыққа салынудың салдары

Октябрь ауданының мектептері үстіміздегі оқу жылына әзірлікті айтарлықтай ұйымдастыра алмады. Мектеп басшылары өткен оқу жылы аяқталысымен мектепті жөндеу жұмыстарына кіріспей, қымбат уақытты босқа өткізді. Соның нәтижесінде аудан мектептерінің бірсыпырасы жаңа оқу жылына жеткіліксіз әзірлікпен кіріскелі отыр.

Ступенка жетіжылдық мектебі (директоры Агафонова жолдас) күні бүгінге дейін мектеп үйін жөндеу жұмысына кіріскен жоқ. Мектеп үйінің терезелері сынып біткен, оларды әйнектеудің орнына, тақтай шегелеп, бітеп тастаған. Жөндеу жұмыстары Сергеевка жетіжылдық мектебінде де (директоры А. Укомский жолдас) ұзаққа созылуда. Бұл мектептерде бір текшеметр де отын дайындалмаған.

Кәноналов, Семиполка, Соколовка жетіжылдық мектептерінде сыртқы жөндеу жұмыстарының аяқталғанына көп уақыт өтсе де, ішкі жөндеу жұмыстары әлі қолға алынбай келеді. Аталған мектептерде парталар мен столдардың, жазу тақталарының бірде- бірі жөнделмеген, тиісті пештер салынбай қалды. Бұл мектептерде де отын жеткіліксіз мөлшерде дайындалған.

Ауданның кейбір мектептері жөндеу жұмыстарына босатылған қаржыларды толық пайдаланбады. Мысалы, Марьевка орта мектебіне 33 мың сом, Семиполка жетіжылдық мектебіне 25 мың сом, Кривощековка жетіжылдық мектебіне 15 мың сом қаржы босатылған еді. Амал не, мектеп басшыларының жайбарақаттыққа салынуы нәтижесінде бұл қаржылар пайдаланылмай қалып отыр.

Кривощековка жетіжылдық мектебінің үйі әбден ескірген, мұнда балаларды оқытуға мүмкіншілік жоқ. Бұл жөнінде мектеп директоры Н. Укомский ертеден-ақ білсе де, күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізбей, жауапсыздыққа салынды. Ол жөндеу жұмысын әлі ұйымдастыратын емес. Ал, құлауға жақын тұрған үйде оқудың қалай жүргізілетіні белгісіз

Аудан мектептерін жаңа оқу жылына әзірлеу кезінде аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Дундуков жолдас та жайбарақаттыққа салынды. Ол мектептердегі нақтылы жағдайлармен жете таныспай тек мәліметтер жыйнаумен болды. Мәліметке сену, нақтылы жағдайдан оқу бөлімінің хабары болмауы аудан мектептерінің жаңа оқу жылына әзір болмауына әкеліп соқты.

Октябрь ауданы мектептеріндегі жоғарыдағы жағдай тез арада түзетуді керек етеді. Өйткені мектептердің оқу жылына әзірліксіз кірісуі —оқу- тәрбие жұмыстарын үлгілі жүргізуіне бөгет болатындығы сөзсіз.

А. ЖОЛДЫҒАРИН.
(Өз тілшіміз).

Жөндеу жұмысына көңіл бөлінбеген

Жастарға музыкалық білім беруде қаладағы балалар музыка мектебі көп жұмыс істеп келеді. Мұнда жыл сайын 200-ден астам жасөспірімдер музыкалық білім алады. Өткен оқу жылында 8 оқушы мектепті бітіріп шықты. Мектепте фортепиано, скрипка, баян, домбыра бөлімдері бар. Оларда жоғары білімді музыка мамандары сабақ береді. Оқуға керекті музыкалық құралдар жеткіліксіз. Мектеп үйі өзінің архитектуралық құрылысы жағынан қаладағы ең көркем үйлердің бірінен саналады.

Музыка мектебінде оқушысы келетіндердің саны быйыл өткен жылдардағыдан анағұрлым көп. Кәзір қабылдау сынағы жүріп жатыр. Бірақ, мектеп үйі жаңа оқу жылына толық әзірліпен келе алмай отыр. Үйдің төбесінен жаңбыр суы аққандықтан сыланған балшықтары қопсып түскен.

Мектеп дирекциясы оқу жылы аяқталысымен жөндеу жұмыстарының сметасын жасап, облыстық архитектура басқармасының бекітуіне берген болатын. Жөндеуге керекті 35 мың сом қаржы да босатылған еді. Алайда, архитектура басқармасы сметаны бекітуді ұзақ уақытқа созып, жөндеуді уақытында жүргізуге бөгет жасады. Смета тек бір ай өткеннен кейін ғана бекітілді. Смета бекітілгеннен кейін де жөндеу жұмысын жүргізе қоюға толық мүмкіншілік болмады. Жөндеу жұмысына шебер жұмысшылар табылмады. Облыстық Совет атқару комитеті өзінің 4 августағы қаулысы бойынша мектеп үйін жөндеуді қалалық «ремонтстрой» мекемесіне міндеттеген еді. Мекеме басшылары «жұмысшы жоқ» дегенді сылтау етіп, жөндеуді әлі бастамай отыр.

Жаңа оқу жылына басталуға аз ғана күн қалды. Оған дейін мектеп үйінің толық жарамсыз халге жететін хауіпі бар. Қаладағы тиісті құрылыс орындары балалар музыка мектебінің үйін қалпына келтіруді тезінен қолдарына алулары керек

А. САПАРОВ.

ОҚУШЫЛАР ЕГІН ЖЫЙНАУҒА КӨМЕКТЕСУДЕ

Қаладағы Горький атындағы жетіжылдық мектептің оқушылары жазғы каникул кезінде бағалы бастама көтерді. Олар каникул кезіндегі уақыттарын колхоз шаруашылығына көмектесуге жұмсауды үйғарды. Оңдаған оқушылар шөп шабу жұмыстарына көмектесті. Ал, қалғандары егін жыйнау және астық дайындау жұмыстарына көмектесуде.

Бағалы бастама қала мектептері оқушыларынан қызу қолдау тапты. Кәзірдің өзінде 400-ден астам қала оқушылары облыс колхоздарында егін жыйнау және астық дайындау жұмыстарына көмектесіп жүр.

Калинин атындағы № 5 қазақ орта мектебінің жоғары кластарынан 25 оқушы Соколов ауданындағы Киров атындағы колхозда жұмыс істеп жүр. Оларды оқытушылар М. Әбілмәнов және Қ. Сауытов жолдастар басқарады. Астық тазалауда жұмыс істейтін IX-класс оқушылары Сағымбаева, Жақыпова және басқалары күнделікті тапсырмаларын толығымен орындап, колхозшылардың құрметіне бөленуде.

Сол сияқты, № 6 орта мектептен 37 оқушы Петропавл ауданының Димитриев атындағы колхозында жұмыс істейді.

С. ӘЛІМОВ.

ФЕЛЬЕТОН

Құлқындары үшін қызғыштай қорғайды

Октябрь ауданындағы Чапаев атындағы колхоздың солтүстік жақ сыртындағы үлкен шоқ ағаштың бауырына лық тола кісі мінген үш жүк машинасы келіп тоқтай қалды. Машинадан секіре- секіре түскен олар жылдамдата шешінін, ағаш ішіндегі шалшық лас суға бет алды. Аздан соң ағаштың арғы бетінен қолына таяқ ұстаған орта жастағы бір адам келді де:

—Құдайға құлшылық қылсаңдар, әмин, ақыйреттегі орындарың жұмақ болмақ, әмин,— деп арап, парсы, қазақ сөздерін араластыра сөйлеп кәп кетті.

—Жазмышқан озмыш жоқ, —деді әлгі адам машинамен келгендерге қарап, — лауху- мәхпузда не деп жазылса, одан артық ешнәрсе болмақ емес, құдай деген күр қалмас. Ал кәні, дәрет алып болсаңдар аллаға сыйынып, аруақ шақырайын. Мен зікір айтқан кезде сендер «ля иля иллаланы» айтып тұрындар.

Енді аздан соң алқақотан отырған жұрттың «ля, ля, ляған» дауыстары аталмаңын күңірентті. Ал, орта бойлы такуа адам «аруақтардың» атын атап шақырып, алас ұрып, әркімнің бетіне қақырып, түкірін «ушкірумен» болып жатты.

Бұл кезде Чапаев атындағы колхоз басқармасы конторының алдында колхоз бастауыш партия ұйымының секретары Әлімжанов колхоз председателі Қазымет Бірімжановқа қуанышты көңілмен мына жағдайды айтып жатқан болатын:

—Қазеке, бүгін кешке ертерек ораларсың.

—Не болып қалыпты?

—Әлгі Мамедті көрдім. Соның ырымынан құр қалмағайсың.

Мәселенің ендігі төркінін айтпай-ақ ұғынған басекең мұртынан бір күліп, кеш болуын күтті. Бұл кезде Мамедке түсін жатқан олжаны сезген ауылдық Совет председателі Қайыржан Ақаев та асығыс жеткен екен. «Өленді жерде өгіз, өлімді жерде молла семіреді» дегендей, бұлардың Мамедтің бақсылық құрған күні бір тоя ет жеп, есі кеткенше арақ ішулері әдетіне айналған болатын.

Сарыла күткенде күн де бата қоймайды екен, бүгінгі кеш бұларға тіпті ұзарып кеткендей көрінді. Егер басқарма мен ауылдық Совет председателінің еркінде болса, ұясына әлі батпаған күн көзін күшпен итеріп батырған болар еді.

—Жарықтықты біреу шегелеп тастаған ба, жылдамырақ неге батпайды екен, — дейді асыққан Әлімжанов Ақаев пен Бірімжановқа.

Бірақ, арандары үшін әлем бетін кешкі қараңғылықтың жылдам жапқанын бөрінен күшті тілеп тұрған бұлардың тілегі үшін табиғат өз заңдылығын өзгертсін бе! Ал, бұған «ерегіскен »олар қараңғы түсісімен колхозшы Мақым Әлімовтың үйіне жыйналып алып, Мамедтің есебінен ет жеп, арақты суша сімірін жатты. Колхоз басшыларының «ақаңды» ішіп ақылдарынан айрылғандығы сонша, оларды үйлеріне сүйреп апаруға тура келді. Ал, Ақаев болса, әлі де болса арапқа бірдеме түсер ме екен деген оймен болу керек:

—Мамед, сен біз аман тұрғанда ешкімнен де қорық па, дарқандығыңды істей бер, —деп жатты.

Осы оқиғаға болған күннің ертеңіне колхоз председателі Бірімжановтың машинасы «бақсы» Мамедті мінгізіп алып, ауырған адамдарды «емдеу» үшін Преснов ауданының Жарқын ауылына кетіп бара жатты.

—Дарқанды ренжітпей апарын қайт, қасиетті адам ғой, —деп тапсырды. ол шоферға.

Жуырда Чапаев атындағы колхоздың солтүстігіндегі үйреншікті жерге тағы да бір машинаға тола мінген адамдар келіп түсті. Бұлар алдауын бақсының «аруағынан» шипағат іздеп келгендер екен. Мамед дарқан оларды құшақ жая қарсы алып, тағы да аруағын шақырып алас ұрып жатты.

—Құдай әркімнің мандайына не жазса, сол болады, аллаға деген ниеттерің адал болса, армандарың орындалады, оразаларыңды қалдырмай, бес уақыт намаздарыңды қаза қылмай, құдайға құлшылық етіңдер, сонда бар тілектерің қабылданады, әмин, —дейді ол, «әсиетін» тыңдап отырған «ауруларға».

Бұл кезде колхоз партия ұйымының секретары Әлімжанов пен председатель Бірімжановтар кештің болуын асыға күтуде еді.

Ал, бұл сыяқты «аурулар» Мамедке келмей қалған күндері, құлқындарына түсерлік бірдеме табуы үшін колхоз басшылары Мамед бақсыны машинамен ел аралаттырады.

Жел аударған қаңбақтай кез болған Мамед Сынчулам Гусеин—Апшары дегеннің кәзіргі кәсібі осындай. Діни соқыр сенімнің құшағына кейбір аңқауларды шырмап жүрген бұл «дарқанның» өз әрекетін әрістетуге коммунистер Бірімжанов, Ақаев, Әлімжановтар көріне көзге жол беріп отыр. Олар Мамед «бақсыны» құлқындары үшін қызғыштай қорыйды.

Енді қашанға дейін қорғайды екен?!.

Т. ЕСІЛОВ,
Ж. АСАНОВ.

Облыстық прокуратурада

Облысымызда соңғы кезде автомобиль [illegible] бақушылық, со-

Бұл қылмыс үшін Хрушков жауапқа тартылып, 6 жыл бас еркінен айырыла

ТЕЛЕГРАММА
ПАРИЖ ҚАЛАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ БЕРНАР ЛАФЭЙ МЫРЗАҒА

Еңбекшілер депутаттарының Москва қалалық Советінің және Москва халқының атынан париждіктерді, Париж қаласының муниципалитеті және Сіздің өзіңізді Париждың көтеріліс жасаған халқының Франция республикасының астанасын гитлерлік оккупанттардан азат етуінің онжылдығымен құттықтаймын.

Францияның даңқты астанасын азат ету жолында париждіктердің жүргізген күресі антигитлерлік коалициядағы халықтардың дүниежүзілік екінші соғыста агрессияшыл герман милитаризмін жеңуіне және Европада бейбітшіліктің қалпына келтірілуіне көмектесті.

Бейбітшілік пен халықаралық хауіпсіздік жолындағы күресте Франция мен Совет Одағы халықтарының ынтымағы нығая берсін.

Москва Советінің председателі
М. ЯСНОВ.

ТЕЛЕГРАММА
ПАРИЖ ҚАЛАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ БЕРНАР ЛАФЭЙ МЫРЗАҒА

Қаһарман —қала Сталинградтың халқы мен қалалық Советі Францияның астанасы —Париждың гитлерлік басқыншылардан азат етілуінің онжылдығымен байланысты париждіктерді және Париж муниципалитетін шын жүректен құттықтайды.

Сталинградтықтар париждіктердің өткендегі еңбегін ғана емес, олардың кәзіргі уақытта герман милитаризмінің қайта туу хаупінің алдын алу және Европада бейбітшілікті нығайту жолында күш жұмсап отырғандығын жоғары бағалайды.

Бүкіл совет халқы сыяқты, Сталинград халқы да француздар үшін бейбітшілік пен халықтар хауіпсіздігінің ісі жолында әрқашан жаңқыяр және табанды күрескерлер болып табылады.

Сталинград қалалық Советінің
председателі С. ШАПУРОВ.

ПАРИЖДЫҢ ГИТЛЕРЛІК ОККУПАЦИЯДАН АЗАТ ЕТІЛУІНІҢ ОНЖЫЛДЫҒЫ

ПАРИЖ, 24 август. (СОТА). Бұдан он жыл бұрын —1944 жылғы 25 августа көтеріліс жасаған халық Парижды гитлерлік оккупациядан азат етті. Париждың азаттық комитетінің, әртүрлі қарсыласу қозғалысы ұйымдарының, кәсіподақтардың және Францияны азат ету жолындағы күресте зор роль атқарған Франция коммунистік партиясының инициативасы бойынша бұл күндері бүкіл елде бұл тарихи күнге арналған митингтер, жыйналыстар, манифестациялар өтіп жатыр.

Сена департаментінің бас советі Париждың муниципалдық советі астана халқына үндеу жазып, оларды азаттық алу мерекесін мейрамдауға тегіс қатынасуға шақырды.

Париждық азат ету комитеті Париж халқына арнап үндеу жариялады, бұл үндеуде барлық париждіктерді әртүрлі халықтық жыйналыстар мен манифестацияларға тегіс қатынасуға, сөйтіп, «өздері- [illegible] тәуелсіздігіне

Герман Демократиялық Республикасының президенті Вильгельм Пиктің Франция президенті Рене Котиге хаты

БЕРЛИН, 25 август. (СОТА). АДН агенттігі 23 августа Герман Демократиялық Республикасының президенті Вильгельм Пиктің Франция президенті Рене Котиге жолдаған хатының текстін жариялады.

Хатта былай делінген:

Агрессияшыл күштер жүргізіп отырған, Батыс Германияны қайта қаруландыруға және кекалғыштық соғыс ашуға бағытталған Аденауэр үкметінің саясаты неміс халқының шын еркі туралы француз халқының арасында мүлдем жалған және хауіпті түсініктер тудыра алады-ау деп орасан қам жеп, мен Герман Демократиялық Республикасының президенті ретінде оның барлық бейбітшілік сүйгіш азаматтарының атынан, сол сыяқты, Батыс Германия мен Батыс Берлиннің бейбітшілік сүйгіш адамдарының атынан Франция республикасының президенті — Сізге және сонымен француз халқына мына хатты жолдаймын.

Неміс халқы Аденауэр жүргізіп отырған қарулану және соғысқа әзірлену саясатына қарсы шығуда. Неміс халқы соғысты емес, бейбітшілікті барлық басқа халықтармен сол сыяқты, француз халқымен достықты тілейді.

Европада бейбітшілікті қамтамасыз етуге екі халық —неміс халқы мен француз халқы бірдей мүдделі. Европада бейбітшілікті қамтамасыз ету екі мемлекеттің де мүдделеріне сай келеді. Барлық европалық мемлекеттердің шын хауіпсіздігіне жетудің жолы бар. Бұл —коллективтік хауіпсіздік туралы жалпыевропалық келісім жасасу жолы; бұған қатысушы халықтар бейбітшілік ісін неғұрлым белсене өз қолына алса, бұл келісімге солғұрлым тез қол жетеді.

Женева кеңесінде Вьетнамда уақытша бітім жасасу туралы келісімге қол жеткізуді көздеп белсене күш жұмсаумен Франция халықаралық шиеленісті бәсеңдету ісіне үлкен үлес қосты. Бейбітшілік сүйгіш француз халқының өкілдері кәзір Европада бейбітшілікті қамтамасыз ету жөніндегі үлкен іске көмектесетіндігіне мен барлық бейбітшілік сүйгіш немістердің атынан үміт білдіремін.

Белгілі американ және Батыс германиялық милитаристердің европалық қорғаныс бірлестігінің және соған ұқсас соғыс шарттарының жәрдемімен Батыс Германияны қайта қаруландыруы Европадағы бейбітшілік үшін аса зор хауіп болып табылады.

Герман Демократиялық Республикасында 1954 жылғы июньнің 27-нен 29-на дейін болып өткен халықтық дауыс берудің нәтижелері Германияның демократияшыл және бейбітшілік сүйгіш бөлігінің европалық қорғаныс бірлестігі туралы договор сыяқты договорларды ешуақытта танымайтындығын көрсетеді.

Батыс Германияны қайта қаруландыру Германияның бірлігін қайта орнатуға кедергі жасайды. Бірақ, Германияның бірлігін демократиялық негізде қайта орнатпайынша Европада бейбітшілікті шындап қамтамасыз ету туралы сөз болуы да мүмкін емес. Сондықтан мен, француз және неміс халықтарының бейбітшілік сүйгіш күштерінің, сол сыяқты, Европаның барлық халықтарының мүддесі үшін Францияның парламенті Бонн және Париж договорларын ешуақытта бекітпейді деп сенім білдіремін.

Егер европалық қорғаныс бірлестігі туралы договорды бекіту жолымен жаңа батыстерманиялық вермахттың провокациялық милитаристік сыйпатын бәсеңдетуге болады деп болжайтын французбар бар болса, онда олар қатты адасады. Бір кезде Веймар республикасындағы сыяқты бүгінгі күні федералдық республикадағы милитаристер қорғаныс және бейбітшілік туралы екіжүзділікпен айтуда, ал, іс жүзінде олар кекалғыштық жаңа соғыс үшін қарулануда. Париж Франция үшін герман милитаризмі үлкен хауіп болып табылады және оның қайта тұдырылуы Францияны, Германияны тағы басқа елдерді өте қатерлі авантюраға ұрындырады, деп ұйретеді.

Егер Франция бұл хауіпті жоюға көмектесуді тілесе, бұған бір ғана жол бар: Бонн және Париж договорларын бекітуден бастарту, оның орнына неміс халқына француз халқымен Европаның тағы басқа халықтарымен бейбіт өмір сүруіне керекті жағдайлар жасауына көмектесуі керек.

Неміс халқының бітім договорын тез жасасу туралы талабын бейбітшілік сүйгіш Франция қолдайды, өйткені осы арқылы барлық басқа европалық мемлекеттермен тату- тәтті көршілік қатынастар орната алатын біртұтас және тең праволы Германия бейбіт және демократиялық жолмен өркендеуіне кепілдік берілер еді деп мен сенемін.

Франция мен Германияның бейбітшілік сүйгіш күштерінің арасында достық келісімге жету үшін өзара ортақтық және екі жаққа бірдей тиімділік негізінде экономикалық және мәдениет қатынастарын күшейтудің өте маңызы бар. Европалық қорғаныс бірлестігі туралы договор бұл қатынастарды күшейтуге кедергі жасар еді, өйткені ол Германияны, Францияны да ұлттық тәуелсіздіктен айырады.

Герман Демократиялық Республикасы неміс халқының бейбітшілік сүйгіш Франциямен достығы және татулығы идеясын күшейту үшін қолдан келгенінің бәрін істейді деп президент мырза Сізге және француз халқына мен сенім білдіре аламын. Герман Демократиялық Республикасы бүкіл Германияда бейбітшілік сүйгіш күштердің ықпалын күшейтуге барынша қолқабыс етеді.

Британия тред-юниондарының конгресі қарсаңында

ГЕРМАНИЯ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ПЛЕНУМЫ

БЕРЛИН, 23 август. (СОТА). АДН агенттігі Германия коммунистік партиясы басқармасының 19 және 20 августа Дюссельдорфта болған XV пленумы туралы мазмұндама жариялады.

Пленум «Батыс Германиядағы халықтық қозғалыстың ұлттық маңызы және Германия коммунистік партиясының міндеттері» деген мәселе талқылады. (Баяндамашы Макс Рейман) Баяндаманы талқылағаннан кейін пленум БКП съезіне әзірлік жүргізу үшін мынадай басты міндеттерді алға қойды:

1. Жұмысшы табының қыймыл бірлігін нығайту. Жұмысшылардың жалақыны арттыру жолындағы, Аденауэрдің «Европалық қорғаныс бірлестігі» саясатын жүргізуіне қарсы күресінің зор ұлттық маңызы бар. Компартияның басқармасы Баварияндағы ереуіл қозғалысын бұдан былай да жүргізе беруге зор назар аударуға және Рур облысының қоғамдық кәсіпорындарының жұмысшылары мен қызметшілерінің, металшылары мен шахтерлерінің, сол сыяқты, басқа да өнеркәсін топтарының жалақыны арттыру жолындағы күресін күшейтуге мейлінше зор көңіл бөлуге барлық коммунистерді міндеттейді.

Партияның басқармасы барлық жұмысшылар мен шаруаларды, қол өнершілерді, саудагерлер мен интеллигенцияны ереуілге қатынасушылармен ынтымақтас болуға шақырады.

2. Европалық қорғаныс бірлестігі туралы договор мен жалпы договорға қарсы, бейбітшілік договорын жасауды және оккупациялық әскерлерді әкетуді жақтап, халықтың дауыс беруін толық қолдау, сол сыяқты, ГДР халық палатасының ұсыныстарын жүзеге асыру жолындағы халықтық қозғалысты кеңейту. Совет Одағының екінің бірі: не европалық қорғаныс бірлестігі, не ГДР халық палатасының ұндеуі деген ұсынысты халыққа түсіндіру бұл ұсыныстарды қабылдау үшін және немістердің қатынасуымен болатын европалық елдердің жаңа кеңесінде герман мәселесін талқылау үшін кең қозғалыс басталуына жеткізуі тиіс.

3. Партияны идеологиялық - саяси және ұйымдық жағынан нығайту.

Партияның басқармасы съезге әзірлік жүргізу үшін негіз болып табылатын қарар қабылдады. Мұнымен қатар, партияның басқармасы тельмандық ұндеу жариялап партияға кісі алу туралы қарар қабылдады.

БРАЗИЛИЯДАҒЫ ОҚЫЙҒАЛАР

НЬЮ-ЙОРК, 25 август. (СОТА). Ассошиэтед Пресс агенттігі тілшісінің Рио де Жанейродан берген хабарына қарағанда, Кафэ Фильо Бразилияның президенті болған. Ол генерал Эдуардо Гомезаны жаңадан авиация министрі етіп тағайындаған. Генерал Да Коста соғыс министрі болып қалған. Варгас үкметінің барлық басқа министрлері орындарынан түскен.

Тілші әскерлер күзетіп тұрған АҚШ елшілігінің қасында демонстрация болғандығын хабарлайды. Әскерлер мен полиция демонстранттарды оқ атып қарсы алған. Демонстранттар елшіліктің үйіне тас лақ-

ның салдарынан түрліше апаттарға ұшыраушылық фактісі бар. Ондай апаттардың болу себебін зерттей келгенде, көбіне шоферлардың жол жүру үстінде мас болуларынан шығатындығы анықталып отыр. Шоферлардың өз міндеттеріне жауапсыз қарап, жол жүріп келе жатып мас болушылығы көшпілік жағдайда ойламаған бақытсыздыққа душар етеді.

Мысалға, «Союзгаттранстың» Петропавл авторотасында жұмыс істейтін шофері П. Хрушковты алайық Үстіміздегі жылғы 3 июль күні Хрушков авторотадан Марьевка селосына жіберілді. Бұл жолы оған қаладан ауданға пішен шабу ісіне көмекке баратын адамдарды жеткізіп салу тапсырылған. Автомашинаның кузовына 22 адам отырғызылады. Қаладан шыққаннан кейін Хрушков жолдан тағы да екі жолаушыны отырғызып, олардан 35 сом ақша алады.

Бұлар жолдағы Карлуга поселкасына келгенде Хрушков машинаны тоқтатып, сол жерде әбден мас болғанша арақ ішеді. Сөйтіп, ол машинаны сағатына 60 километрлік жылдамдықпен жүргізеді. Алдында кетіп бара жатқан басқа бір машинаны қуып жетіп, басып озбақшы болғанда, ол оқыс бұрылып, өз машинасын жол жиегіндегі орға құлатып түсірген. Машинаның үстіндегі жолаушылардың ішінен алтауы жараланып, біреуі өлген.

сот кесілді.

Октябрь ауданы. Ешім астық совхозының шофері М. Чернявский мен осы совхоздың десятнигі В. Сиротко екеуі 14 август күні қаладан 11 километр ұзап шыққанда жолдан көлденең өтіп бара жатқан Октябрь ауданы Ворошилов атындағы МТС-тің тракторшысы И. Брауманды басып өлтіреді.

Сол күні, дәл осындай жағдай «Союзгаттранстың» Петропавл авторотасының шофері А. Грачевтың да басында болған. Ол Петропавлдан шығып, Соколов ауданындағы Жиляково селосына жете бергенде «Заря коммунизма» колхозының бір көлігін басып кеткен. Арбаға жетілген бір өгіз табанында өліп, арбада отырған 5 адам жараланған.

Міне, осындай апаттар көбейіп кеткендіктен оны тыю мақсатымен қалалық, аудандық прокуратураларға автомобиль жол транспортындағы тәртіп бұзушылыққа қарсы күресті күшейту туралы тиісті нұсқаулар берілді. Түрліше апаттардың шығуына себепші адамдардың қай-қайсысы болмасын дереу тұтқындалып, жауапқа тартылады. Бұл сыяқты апаттарды зерттеу өте қысқа мерзімде анықталатын болады.

Д. ЧУВАКИН,
облыстық прокурор, юстицияның аға кеңесшісі.

Бір жексенбілікте

Конюхов ауданындағы Қызыл Қазақстан жетіжылдық мектебінің оқытушылар коллективі мен колхоз комсомол ұйымының комсомолцетрі қоғамдық малта мол жемшөп қорын жасау күресіне белсене қатысуда. Бұлар өткен жексенбі күні 100 гектарға жуық шабылған шөпті шөмелеге салды. Бұл жұмыстарды ұйымдастыруда Д. Айтжанов М. Ескендіров және колхоз партия ұйымының секретары Г. Омаров, коммунистер Ғ. Данияров, В. Жолаушин жолдастардың еңбектері ерекше көзге түсті.

Бұл күндері колхозда шөп шабу, оны жыйнап маялау және колхоз фермаларының қорасы жанына тасу жұмыстары қызу қарқынмен жүргізілуде.

Қ. ТАУБАЕВ.

Городокшылар жарысы

23 август күні теміржолшылар стадионында городок ойынынан қала бойынша бірінші орын алу жарысы өткізілді.

Мұнда «Локомотив» командасы мен «Динамо» ерікті спорт қоғамының городокшылары кездесті. Ойын басталғаннан, аяқталғанға дейін шиеленіскен тартыста өтті. Кездесу 2:0 есебінде динамошылардың жеңісімен аяқталды. Қала бойынша городокшылар жарысы әлі де жүргізілуде.

В. ЗОЛОТИЛИН.

„Ленин туының“ дабылынан кейін

„Оқулықтар мектептерге қашан жеткізіледі?“

«Ленин туы» газетінің осы жылғы 17 августағы номерінде «Оқулықтар мектептерге қашан жеткізіледі» деген тақырыпта мақала жарияланған болатын.

Бұл мақалада Преснов ауданындағы Николаевка орта мектебінде өткен оқу жылында оқулықтардың жеткіліксіз болғандығы айтылып, үстіміздегі жылы да сол кемшіліктердің қайталанып отырылғандығы, селолық тұтынушылар қоғамы (председателі Шуланов жолдас) аудан орталығынан оқу құралдарын жеткіліктіі әкелмей отырғандығы сыналған болатын.

Газетте жарияланған мақала бойынша тексеріс жүргізген Преснов ауданық тұтынушылар одағының председателі Батыров жолдас, редакцияға мақалада көрсетілген фактілер толық анықталды деп хабарлады.

Жақында аудан орталығынан Николаевка селолық тұтынушылар қоғамына, мектеп оқушыларына жеткілікті оқулықтар мен оқу құралдары жіберілді.

байланыстылығын және бейбітшілік ісіне берілгендігін растауға» шақырды. Комитеттің шақыруы бойынша 22 августа жексенбі күні вокзал алдындағы Монпарнас алаңында үлкен митинг болды. Митингке ондаған мың парижділктер қатысты, бұлар Франциянның ұлттық тәуелсіздігі жолында, бейбітшілік пен достандық жолында күресе беруге өздерінің қайтпас қажырлы екендіктерін қуаттады.

Бұл күндері Париждың көптеген округтері мен жұмысшылар тұратын атраптарында митингтер мен жыйналыстар болды.

Париждың азат етілуінің мерекесін елдің астанасы мен оның жұмысшылар тұратын атраптары ғана тойлап отырған жоқ. Бүкіл Францияда жыйналыстар мен митингтер болып жатыр. Кәсіпорындарда «европалық қорғаныс бірлестігін» құру жоспарларына қарсылық білдіретін петицияларға қол қойдыру жұмысы жүргізілуде. Еңбекшілер делегаттар сайлап, парламентке және үкметке халықтың тілегін жеткізу үшін оларды астанаға жөнелтуде.

Париждың азат етілуінің онжылдығымен байланысты Франция өрістеген қозғалыс, —демонстрациялар, жыйналыстар, қарарлар, петициялар, үндеулер, соғыстан және гитлерлік оккупациядан шеккен азабын француз халқының ұмытпағандығын, ол Францияның ең қас жауы болып табылатын герман милитаризмінің қайта тууына жол бермеуге бел байлап әзір отырғандығын дәлелдейді.

ИТАЛИЯНЫҢ СОҒЫС-ТЕҢІЗ ФЛОТЫНДА СҰҢҒУІР ҚАЙЫҚТАР БАР

АНКАРА, 25 август. (СОТА). Американ және итальян баспасөздерінің хабарларына қарағанда, Италия үкметі бітім договорын бұзып, АҚШ-тың жәрдемімен сұңғуір қайықтар флотын құруда. «Мессаджеро» газеті 4 августа Нью-Йорктен алынған хабарды жариялады, бұл хабарда екі сұңғуір қайықты—«Дейс» және «Баро» сұңғуір қайықтарын «Құрама Штаттар өзара жәрдем программасының шеңберінде жаз ішінде Италияға береді» делінген.

Американ үкметінің ризалығымен Италия қолында бар, одақтастарға тапсырылмаған барлық сұңғуір кемелерді металл ретінде пайдалануға бөлшектеп бұзған жоқ, деген хабар Италияның баспасөзінде бұдан бұрын айтылған болатын. Атап айтқанда, «Джада» және «Вортиче» сұңғуір қайықтары сақталған, бұлар итальян флотының әскери жаттығуларына қатынасқан. Италияның үкмет вестнигі «Гадзетте Уффичалеиің» быйылғы жылы 17 номерінде Италия республикасы президентінің декреті бойынша 1953 жылдың аяғында қалпына келтірілген «Барно» атты үшінші сұңғуір қайықтың итальян флотының құрамына енгізілгендігі айтылады. «Сеттимо Джорно» журналы «Джада» және «Вортиче» сұңғуір қайықтарымен қатар тағы да басқа екі сұңғуір қайық жасалып және жөнделіп жатыр деп жазды. Ал, «Иль Джорнале» газеті 1954 жылы Италияның кеме жасау орындарында 5 сұңғуір қайық жасала бастайды деп жазды.

ЛОНДОН, 24 август. (СОТА). Британия тред-юниондарының 6 сентябрьде Брайтонда ашылатын 86-жылма-жылғы конгресінің талқылауына әртүрлі кәсіподақ ұйымдары енгізген қарарлар ағылшын еңбекшілерінің бейбітшілікті нығайтуға, мемлекеттер арасында кәсіпкерлік және достық байланыстарды кеңейтуге ұмтылып отырғандығын көрсетеді. Бұл қарарлар конгрестің негізгі күн тәртібіне енгізілді.

400 мыңнан астам кәсіподақ мүшесы біріктіріп отырған теміржолшылардың ұлттық кәсіподағы конгрестің талқылауына «Батыс Германияны қаруландыру саясатына қарсы жіберлі наразылық» білдіретін қарар енгізді және лейбористік партия мен үкметтің бұл мәселе жөнінде өз саясатын қайта қарастыру мақсатымен Британия тред-юниондарының бас советінің барлық керекті шараларды істеуін талап етті.

Мебельшілердің ұлттық кәсіподағы өзінің қарарында «еркін сайлау өткізу және барлық оккупациялық әскерлерді әкету негізінде Германияны біріктіруді» талап етеді. Өрт сөндірушілер кәсіподағы да, Шотландияның малярлар кәсіподағы, слесеп кендері мен мұнай кәсіпшіліктері жұмысшыларының ұлттық кәсіподағы да және Лондондағы нан пісірушілер кәсіподағының бірі Батыс Германияны қаруландыру және герман милитаризмін қайта тудыру жоспарларына қарсылық білдіретін қарарлар енгізді.

Толып жатқан кәсіподақтардың қарарлары ағылшын халқының үсті-үстіне салық топтары жаншай қырын-жоятын каруға тыйым салуды жақтап шығып отырғандығын дәлелдейді. Хауіпсіздендіру бірлестіктері қызметкерлерінің бірлескен ұлттық кәсіподағы мынадай қарар енгізді: «конгрес бірде-бір соғыста және бірде-бір жанжалда атом, немесе сутегі қаруын еш-бір жағдайда бірінші болып қолданбайтын дығын айқын және түсінікті етіп мәлімдеуге барлық үкметтерді шақырады. Барлық үкметтер әлгіндей қарудың барлық түрлеріне жаппай тыйым салуға өздерінің ризалықтарын мәлімдеугеде тиіс». Литейщиктердің бірлескен кәсіподағының ғылыми қызметкерлер ассоциациясының, модельщиктердің бірлескен кәсіподағының, малярлардың шотландиялық кәсіподағының және теміржолшыларды біріктіруші кәсіп одақтарын өкілдері де конгреске термоядролы каруға тыйым салуды талап етіп келеді.

Бірқатар кәсіподақтар өздерінің қарарларында әртүрлі елдердің еңбекшілерінің халықаралық байланыстарын нығайтуға шақыралы. Коммуналдық мекемелер қызметкерлерінің ұлттық кәсіподағы конгреске «Қытай кәсіподақ қозғалысымен баянды және достық қатынастар орнату, ағылшын- совет кәсіподақ комитетін қалпына келтіру мақсатымен Қытай және Совет кәсіподақтарының басшыларымен кеңісөз жүргізе бастауға» Британия тред-юниондарының бас советіне тапсырма беруді ұсынады.

ИРАНДА АМЕРИКАН ЫҚПАЛЫНЫҢ КҮШЕЮІ

ТЕГЕРАН, 24 август. (СОТА). «Фарман» газетінің хабары бойынша, ең таяу уақыттың ішінде Иранның финанс министрлігінің әртүрлі мекемелерінде Иран үкметінің шақыруы бойынша Тегеранға келген американ мамандарының бірінші тобы жұмысқа кіріседі.

Иранның финанс министрі Амини американ мамандары «Иран қызметшілерімен ынтымақтасып, оларды салық өндірудің жаңа системасына үйретеді» деп мәлімдеді.

тырылы, терезелерін жыныпты.

Порто-Алеграда және Бело Оризонтта демонстранттар американ консулдықтарына зиян тигізген. Юнайтед Пресс агенттігі тілшісінің хабары бойынша, Порто-Алеграда демонстранттар, мұнымен қоймай, «Нәйшнл Сити банк оф Нью Йорк» банкі филиалының үйіне басып кірген. Сан-Паулода демонстранттар Американың «Юнайтед стейн шу машинери корпорейшн» бірлестігіне қарасты үйге шабуыл жасаған.

ТАЯУ ШЫҒЫС ПЕН ОРТА ШЫҒЫС ЕЛДЕРІНДЕГІ АМЕРИКАН ДИПЛОМАТТАРЫНЫҢ АЛДАҒЫ КЕҢЕСІ

КАИР, 23 август. (СОТА). Египеттің «Аль-Гумхурия» газетінің Вашингтондағы тілшісі Селим Маликтің хабарына қарағанда, АҚШ-тың мемлекеттік департаменті таяу уақыттың ішінде Таяу Шығыс пен Орта Шығыс елдерінде тұратын американ дипломатиялық өкілдіктері басшыларының кеңесін шақырады.

Хабардар американ топтарының айтуынша, деп жазады тілші, бұл кеңестің «Стамбулда болған кеңестен маңызы анағұрлым зор болады» және бұл кеңес «Суэц каналы проблемасын реттеумен байланысты бұл аудандағы американ саясатын талқылауға» арналады.

Кеңеске қатынасушылар «араб елдері мен АҚШ- тың арасындағы өзара қатынастарды нығайту» туралы мәселені зерттеумен шұғылданады, сонымен қатар Таяу Шығыс пен Орта Шығыстың қазіргі саяси және экономикалық жағдайды талқылайды, деп жазады тілші. Кеңес Каирде немесе Дамаскіде болады деген болжам бар.

Редактордың орынбасары
Ғ. НҰРМОЛДИН.

1954 жылдың төртінші тоқсанына облыстық
„Ленин туы“ және „Ленинское знамя“
газеттеріне жазылушылар қабылдана бастады

Газеттерге Байланыс министрлігінің барлық конторларында, бөлімшелері мен агенттіктерінде, кәсіпорындарындағы, мекемелердегі, совхоздардағы, колхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық өкілдер арқылы жазылуға болады.

Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарына мекемелерге, совхоздар құрылысына және жол құрылысына жұмысшылар алады.

Шарт жасасқандарға 150 сомнан 1000 сомға дейін бір жолты жәрдем, жолда жүрген күндеріне тәулігіне 10 сомнан тәулік ақы төленеді. Жұмысшылардың семьялары және олардың жүктері бөлім есебінен тегін жеткізіледі.

Шарт жасасу үшін Петропавл қаласындағы Папанин көшесі, 98-үйге келіп, немесе 5-97 телефон арқылы, вокзалда —ұйымдасқан түрде жұмысшылар алатын инспекторға, селолық жерлерде —аудандық Совет атқомдеріне, селолық Советтерге және ұйымдасқан түрде жұмысшылар алатын өкілдерге келіп жолығуға болады.

Киноларда

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«БАТЫРДЫҢ ҚАЛЫҢДЫҒЫ»

Сеанстар 2-30, 4-30, 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

Біріккен балалар ауруханасының қала сыртындағы шаруашылығының жоғалған дөңгелек мөрі күшін жойды деп есептелінеді.

Петропавл қаласы, Совет көшесі, 198-үйде тұрушы Клавдия Федоровна Пирко, Александр Александрович Пиркодан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Солтүстік Қазақстан облыстық халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет- тұрмыс және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02644 **Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғары басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.**